Серуен	Күн - жылу мен жарық көзін бақылауды жалғастыру. (қоршаған әлеммен таныстыру, тіл дамыту және көркем әдебиет) Мақсат-міндеттері. Тірі және өлі табиғат заттары мен құбылыстарына қызығушылықтарын қалыптастыру. Күн - жылу мен жарық көзі екені жайлы түсініктерін пысықтау, талқылау, дәлелдеу біліктіліктерін дамыту; табиғатты аялауға тәрбиелеу. Зерттеу. Күнге қарап отырып, сұрақтарға жауап беруді ұсыну. - Күнге қарағанда өзіңді қалай сезінесің? - Күнге тура қарай аламыз ба, көзімізге зиянын тигізбей ме? Педагог балаларға екі тасты алып, біреуін күннің көзіне, екіншісін көлеңкеге, яғни, жан-жағын жауып, қараңғы жерге қоюды сұрайды. Біраз уақыттан кейін балалар күн көзінде тұрған тас көлеңкеде тұрған тасқа қарағанда қызып, жылы екеніне көз жеткізеді. Күн көзінде заттың қызатынына қорытынды жасау. «Өнегелі тәрбие». Еңбек тапсырмалары: кіші топ балаларына ойын аумақтарын жинауға көмектесу. (еңбек дағдылары, қоршаған әлеммен таныстыру) Мақсат-міндеттері. Жасы кішіге көмектесуге ұмтылуды үйрету, еңбексүйгіштікке тәрбиелеу. "Күн түн" қимыл-қозғалыс ойыны. (дене тәрбиесі, математика негіздері) Мақсат-міндеттері: қимылды ойындарға баулу, балаларды	Желді бақылауды жалғастыру. (қоршаған әлеммен таныстыру, тіл дамыту және көркем әдебиет) Мақсат-міндеттері. Тірі және өлі табиғат заттары мен құбылыстарына қызығушылықтарын қалыптастыру. Балаларды желдің қасиеттерін тануға қызығушылықтарын арттыру; бақылау нәтижесінде желге ауызша сипаттама беруге, іс-тәжірибелер жасауға дағдыландыру. "Түтікшемен үрлеп, лентаны желбіретейік" жаттығуы. (тыныс алу жаттығуы) Педагог әрбір баланың алдына түтікше мен лентаны (қағаздан қиылған жолақ та жарайды) береді. - Балалар, қазір біз қажетті күшпен үрлеуді жасап, түтікшеден желді үрлеп шығарамыз. - Мен "Жел қатты соғып тұр" десем, сендер қатты үрлеп, лентаны қатты желбіретесіңдер. - Мен "Жел баяу соқты" десем, сендер түтікшеге ақырын үрлеп, баяу желді білдіресіңдер. «Өнегелі тәрбие». Еңбек әрекеті: ойын алаңына ағаштардан құрап түскен ұсақ бұтақтарды жинау. (еңбек дағдылары, қоршаған әлеммен таныстыру) Мақсат-міндеттері. Аула сыпырушыға көмек көрсету, өзгелердің еңбегін құрметтеуге тәрбиелеу. "Өткеншек" қимыл-қозғалыс ойыны. (дене тәрбиесі) Мақсат-міндеттері. Балаларды шеңберде ойын ережесіне сай бірігіп ойнауға ынталандыру; бір адамдай белгі бойынша, шеңбер бойымен біресе бір жағына, біресе екінші жаққа жүріп, содан соң жылдамдықты қосып жүгіруге дағдыландыру; вестибуляр аппаратын дамыту;ептілікке, ұйымшылдыққа тәрбиелеу. Ақырын-ақырын итеріп, Өткеншекті қозғалтамыз.	«Қауіпсіздік». Жүк көлігін бақылау. (қоршаған әлеммен танысу, тіл дамыту және көркем әдебиет) Мақсат-міндеттер: балалардың жүк көлігі туралы түсініктерін қалыптастыру, оның қызметі мен сыртқы ерекшеліктерімен таныстыру; ересектердің еңбегіне қызығушылықты арттыру. Бақылауда қауіпсіздік ережелерін бекіту. Гүрілдеп жүремін мен, Бақтан алма әкелем. Қанекей, қақпаны ашыңдар, Аула жолынан қашыңдар. Төгілген аулаға Алманы да, картопты да, Еңбек жемісін қадірлеп, Жинайық біз қоймаға. (Д. Ахметова) Балаларға көлік қозғалысын бақылауды ұсынады. Машинаның өздігінен жүрмейтінін, оны жүргізуші басқаратынын түсіндіреді. Машинада кузов, кабина, дөңгелек, рөл болатынын айтады. Бұл – үлкен, жүк таситын көлік. Ол жүк тасиды, жолмен жүреді, дыбыс шығара алады. «Өнегелі тәрбие». Еңбек тапсырмалары: ойын алаңын ағаштардан түскен ұсақ бұта, жапырақтардан тазалау. (еңбек дағдылары, қоршаған әлеммен таныстыру) Мақсат-міндеттері. Балаларды ересекке еліктеп, қарапайым тапсырмаларды өздігінен орындауға, еңбек құрал-жабдықтарын орнына (қорапқа, қапқа) жинауға баулу; тазалыққа тәрбиелеу. Қауіпсіздік. Тапсырмаларды орындауда қауіпсіздік ережелерін қадағалау. «Ұлттық ойын - ұлт қазынасы» Қазақ халқының ұлттық ойындары. "Орамал" қимыл-қозғалыс ойыны. (дене тәрбиесі) Мақсат-міндеттері. Қимыл түрлерін өзгерте отырып, ойындарға күрделі	Ауа райын бақылауды жалғастыру (бұлтты күн). (қоршаған әлеммен таныстыру, тіл дамыту және көркем әдебиет) Мақсат-міндеттері. Тірі және өлі табиғат заттары мен құбылыстарына қызығушылықтарын қалыптастыру; бақылау кезінде алған әсерлерімен бөлісуге, өз ойын айтуға үйрету. Мүбәрәк Жаманбалинов "Жаңбыр" Аспанда бұлт түйілді, Жерде ойнатты құйынды. Табиғат отпен қол қойып, Ақырып бұлтқа бұйырды: Жу егінді, бақшаны! Көшедегі бас шаңды Бұлт бұйрықтан аспады, Жаңбыр жауа бастады. "Жаңбыр жауғанда" фонемо-ырғақ жаттығуы. Мақсат-міндеттер: балаларды сөздердің ырғағына сай қимылдауға баулу; жаңбырға еліктеуге ынталандыру; артикуляцияны жаттықтыру. Жау, жау, жаңбыр! Жау, жаңбыр! Арық суы мол болсын! Өсімдіктер мол болсын! Жауған жерің шөп болсын! Тырс-тырс! Тырс-тырс! (бір аяқпен секіру) Тарс-тұрс! Тарс-тұрс! (екінші аяқпен секіру) Шылп-шылп! Шылп-шылп! (екі аяқпен секіру) «Өнегелі тәрбие». Еңбек тапсырмалары: жапырақтарды жинау. (еңбек дағдылары, қоршаған әлеммен таныстыру) Мақсат-міндеттері. Мүмкіндіктеріне қарай тәрбиешіге көмек көрсету ниеттерін қолдау; ұқыптылыққа, тазалыққа тәрбиелеу "Күн мен жаңбыр" қимыл-қозғалыс ойыны. (дене тәрбиесі) Мақсат-міндеттері. Балаларды	Жерге түскен жапырақтарды бақылауды жалғастыру. (қоршаған әлеммен таныстыру, тіл дамыту және көркем әдебиет) Мақсат-міндеттері. Күзгі маусымдық өзгерістермен таныстыру; тірі және өлі табиғат нысандарын бақылау кезінде алған әсерлерімен бөлісуге, өз ойын айтуға үйрету. Балаларға жапырақтар неліктен жерге түскендігі туралы әңгімелеп айту. Олардың түстерін атау. Ш. Ахметов «Күз». Бұлттар төніп, Жерге шөгіп, Дымқыл тұман басады. Шөп сарғайып, Өңі тайып, Дала сұрқы қашады. Ал, балалар, айтыңдаршы, Бұл қай кезде болады? Балалармен жеке жұмыс: балаларға жұмбақ жасыру. Жазда тұрып жоғары, Күзде жерге қонады. (Жапырақ.) Аспай піскен, Қайнамай піскен. (Жеміс.) «Өнегелі тәрбие». Еңбек әрекеті: құмсалғыштың бетін қоқыс бұталардан тазалау. (еңбек дағдылары, қоршаған әлеммен таныстыру) Мақсат-міндеттері. Мүмкіндіктеріне қарай тәрбиешіге көмек көрсету ниеттерін қолдау; өзгенің еңбегінің нәтижесіне құрметпен қарауға, ұқыптылыққа, тазалыққа тәрбиелеу. "Ормандағы аюда" қимыл-қозғалыс ойыны. (дене тәрбиесі) Мақсат-міндеттері. Балаларды қарапайым ережелерді сақтауға, қимылдарды үйлестіруге, кеңістікті бағдарлауға, белгілерге сәйкес әрекет етуге, ойын шартын бұзбай, тақпақ сөздерін айта жүріп, қимылдарды жасауға, бір-біріне соғылмай, бір бағытта жылдам жүгіруге дағдыландыру; ұйымшылдыққа тәрбиелеу.

	қарапайым ережелерді сақтауға, қимылдарды үйлестіруге, кеңістікті бағдарлауға, "жүгір" ("күн шықты"), "тұр" ("түн түсті") белгілеріне сәйкес әрекет етуге үйрету. «Тышқандар қамбада» қимыл-қозғалыс ойыны. (дене тәрбиесі) Мақсат-міндеттері: балалардың ойын ережелері бойынша ойнауға деген қызығушылығын және дағдыларын дамыту, белгі бойынша жүгіру, секіру; белсенділігін, бұлшық еттерін, дене қимылдары қасиеттерін (ептілікті, жылдамдықты) дамыту; ойынды қызыға ойнауға баулу. Құрал-жабдықтар: маскалар, арқан. Өз бетінше еркін ойын әрекеті, алаңда шығарылған материалмен ойындар. "Шеңберге дәлде". Мақсат-міндеттері. Нысанаға дәлдеп тигізуге жаттықтыру.	Жылдам-жылдам жүгіріп, Шеңберді айналдырамыз. Д. Ахметова. "Тауық пен түлкі" ойыны. (дене тәрбиесі) Мақсат-міндеттері. Серуенде қимылды ойындар мен дене жаттығуларына қатысуға қызығушылықты арттыру. Белгі бойынша жылдам әрекет ету қабілеттерін жетілдіру, ептілікті дамыту. "Шұңқырдан аттап секіріп өт" қимылды жаттығуы. (дене тәрбиесі) Мақсат-міндеттері. Балаларды ұзындыққа секіруге машықтандыру; вестибуляр аппаратын, күш-жігерін дамыту. Өз бетімен еркін ойын әрекеті, шығарылған материалмен ойындар. Мақсат-міндеттері. Қимыл-қозғалыс координациясын дамыту; негізгі қимылдарды орындау тәсілін жетілдіру; ойындарға саналы түрде қосылуға тәрбиелеу.	ережелерді енгізу; шапшаңдыққа баулу, ойынға қызығушылықтарын арттыру. Балалар шеңбер құрып отырады, шеңбер бойымен бір бала жүгіреді, оның қолында орамалы болуы тиіс. Шеңбер бойында отырған баланың біріне орамалды артына тастап кетуге тиісті. Бала артына бұрылып қарап, орамалды алып, орамал тастаған баланы қуып жетіп орамалды лақтырып тигізуі керек. Егер тигізе алмаса, ойынды өзі жалғастырады. Орамал тастаған ойыншы қуып келе жатқан баланың орнына отыруы керек. Құғыншы бала, орамал тастаушыға орамалды тигізсе, онда ойынды орамал тастаушы бала өзі жалғастырады. "Кім мәреге жетеді?" қимылды ойын-жаттығуы. (дене тәрбиесі) Мақсат-міндеттері. Белгіге дейін қос аяқпен және бір аяқпен секіру техникасын дамыту; шыдамдылыққа тәрбиелеу. Балалардың шығарылған материалмен дербес ойын әрекеті. Мақсат-міндеттерІ. Қимыл-қозғалыс координациясын дамыту; негізгі қимылдарды орындау тәсілін жетілдіру; ойындарға саналы қосылуға тәрбиелеу.	белгі бойынша жан-жаққа шашырап жүгіруге және бір-біріне соғылмай, бір жерге жиналуға дағдыландыру; вестибуляр аппаратын, кеңістікті бағдарлау қабілетін жетілдіру; ептілікке, достыққа тәрбиелеу. "Түстерді тап" қимыл-қозғалыс ойыны. (дене тәрбиесі) Мақсат-міндеттері. Педагогтің белгісі бойынша түстерді тауып, белгілі қимылдарды орындауға бейімдеу. «Ұлттық ойын - ұлт қазынасы» (дене тәрбиесі) Қазақ халқының ұлттық ойыны. «Қазан». (дене тәрбиесі) Мақсат-міндеттері. Балаларды қазақ ұлттық ойындарға бейімдеу, қарапайым ережелерді сақтауға, қимылдарды үйлестіруге, кеңістікті бағдарлауға ынталандыру; дәлдікке, ептілікке тәрбиелеу. Құралдар: асықтар, шеңбер. Балалар көлденең тұрған нысанаға асықтарды 3 метр қашықтықтан лақтырады. Сөреден 3 метр жерде үлкен қазан тұрады (шеңбер). Әр топтың ойыншылары асықтарды белгі бойынша қазанға лақтырады.	Ормандағы аюдың Құлпынайы көп екен. Теріп-теріп алайық, Себетімізге салайық Балалар, жақын келеді, Аю жидегін береді. «Ұлттық ойын - ұлт қазынасы» Қазақ халқының ұлттық ойындары. «Тақия тастамақ» ойыны. (дене тәрбиесі) Мақсат-міндеттер. Қимыл түрлерін өзгерте отырып, ойындарға күрделі ережелерді енгізу; қимыл шапшаңдығы мен жылдамдығын дамыту, зейінділікке, ұйымшылдыққа, ойын ережесін сақтап ойнауға тәрбиелеу. Балалардың еркін ойындары. (қоршаған әлеммен таныстыру, дене тәрбиесі) Мақсат-міндеттері. Балалардың ойындарда дербестігін, белсендігін дамыту; жақсы және жаман әрекеттерді дұрыс бағалау тәжірибесін қалыптастыру.
Серуеннен оралу	Балалардың киімдерін дұрыс шешу, шкафтарға бүктеп қою, қолды жуу әрекеттерін одан әрі қалыптастыру. (мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет) Таза сумен Арман, Беті-қолын жуды. Оған қарап Балжан, Суға қолын созды. «Үнемді пайдалану». Суды ағымын үнемді пайдалануға, суды төкпей, шашпай жуынуға үйрету, тазалыққа, ұқыптылыққа тәрбиелеу.				
Түскі ас	Тамақтану мәдениетін қалыптастыру: қасықты дұрыс ұстау, сорпаны төкпеу, нанды үгітпеу, майлықты дұрыс қолдану, тамақ ішкенде сөйлемеу. Мақсат-міндеттері. Өзін-өзі күту, тамақтану, мәдениетті қарым-қатынас негіздерін дамыту. Асты шашпай, төкпей іш, Сораптамай, баппен іш. Келген асты алдыңа Тауысып іш, қалдырма. Тәрбиеші балалардың үстел үстінде дұрыс отыруларын қадағалайды. (мәдени-гигиеналық дағдылар) «Үнемді пайдалану». Өзіне тиісті асты асықпай, ("обалыға") қалдырмай тамақтануға үйрету, тазалыққа, ұқыптылыққа тәрбиелеу.				
Күндізгі ұйқы	Балалардың тыныш ұйқысы үшін қолайлы жағдай жасау, тыныштандыратын әуен қосу. (мәдени-гигиеналық дағдылар)	Киімдерін ұқыпты орындыққа іліп қоюды үйрету. "Алтын жұмыртқа" ертегісін оқып беру. (тіл дамыту және көркем әдебиет)	Өз төсек орнын тауып жатуды үйренеді. Балалардың тыныш ұйықтауы үшін жайы баяу музыка тыңдау. (музыка)	Киімдерін ұқыпты орындыққа іліп (немесе арнайы сөреге) қоюды үйрету. «Жалқау мысық» ертегісін оқып беру. (тіл дамыту және көркем әдебиет)	Өз төсек орнын тауып жатуды үйренеді. Балалардың тыныш ұйықтауы үшін жайы баяу музыка тыңдау. (музыка)

Ұйқыдан біртіндеп ояту, сауықтыру шаралары	Төсектегі жаттығулар. Ұйқыдан оянғанда бірден төсектен тұруға болмайды. Біртіндеп тұру қажет. 1. Балалар төсекте арқамен жатып, қолын жанына созады, демдерін еркін шығарады. 2. Балалар төсекте арқамен жатып, қолды екі жаққа созады, жұдырықтарын жұму, қолдарын алға созып айқастырады, демалады. 3. Балалар төсекте арқамен жатып, қолдарын бастарына қойып, кезекпен сол аяқтарын, оң аяқтарын көтереді, екеуін бірге ұстап, жайлап түсіреді. 4. Балалар төсекте арқамен жатып, қолдарын жанына ұстап, аяқтарын көтеріп "велосипед" тебеді Төсектен тұрғызу. (дене тәрбиесі, мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет) Балалардың денсаулығын және жергілікті жағдайларды ескере отырып, табиғи факторлар: ауаны пайдалана отырып, шынықтыру шараларының кешенін жүзеге асыру.				
Бесін ас	Үстел үстіндегі асқа назар аудару; үстел басында отыру әдебі мен тамақтану мәдениетіне баулуға бағытталған жеке жұмыс; әдептілік ережелері. (мәдени-гигиеналық дағдылар)				
Балалардың дербес іс-әрекеті (қимылдық, ұлттық, сюжетті-рөлдік, үстел үсті-баспа және басқа ойындар), бейнелеу іс-әрекеті, кітап қарау және басқалары)	Құрастырудан ойын-жаттығулар "Еркежан әжейдің түрлі бауырсақтары". Мақсат-міндеттері. Балаларды құрастыру материалы қағаз қасиеттерімен, жұмырлау, илеу амалдарымен таныстыру; қағаз бөлігін жыртып алып, саусақтармен жұмырлап, алақандар арасына түйіршіктеп, айналдырып, илеп, шарлар тәрізді денелерді, бауырсақтарды жасап шығаруды үйрету. Құрылыс нәтижесімен ойнату. «Бауырсақтың жолы» дамытушы жаттығуы. Мақсат-міндеттер. Ересектермен бірге ертегілерді, қарапайым көріністерді ойнауға, бірлескен ойындарға қатысуға ықпал ету. Балаларды ертегі мазмұнын естерінде қайта жаңғыртуға ынталандыру. Бауырсақтың үйінен шыққан жолын, жолда кездескен аңдарға дейін жүргізіп шығуды үйрету. Құрал-жабдықтар: «Бауырсақтың жолы» атты карточкалар (үй, қоян, қасқыр, аю, түлкі бейнеленген сурет), түсті борлар.	"Бұл қай кезде болады?" дидактикалық ойыны. (тіл дамыту және көркем әдебиет, қоршаған әлеммен таныстыру) Мақсат-міндеттері. Балалардың мезгілдік табиғат құбылыстары жайлы білімдерін бекіту; ойларымен бөлісуге үйрету; ойлау, есте сақтау қабілеттерін, зейіндерін, сөйлеу тілдерін дамыту. Барысы. Педагог барлық жыл мезгіліне тән құбылысты сипаттайды, балалар құбылысты, жыл мезгілін табуға міндетті. Балаларды өз жауаптарын бір сөзбен ғана емес, сондай-ақ құбылыстың не себепті болғанын түсіндіру. "Тоқаштар". Мақсат-міндеттері. Тоқаштардың бояу. (сурет салу) «Ұлттық ойын - ұлт қазынасы». Ұлттық ойын. Көтермек (дене тәрбиесі) Мақсат-міндеттері. Қимылдарды орындауда балалардың дербестігін, белсенділігін,ептілікт дамыту. Ортаға екі ойыншы бала шығады. Бір-біріне арқаларын беріп тұрады. Белгі бойынша кім бірін-бірі арқада көтеріп алса, сол бала жеңіске жетеді. Жеңіске жеткен бала ойында қала береді де басқа балалармен біргекүш сынасады.	Сюжетті-рөлдік ойын. "Асхана". (қоршаған әлеммен таныстыру) Мақсат-міндеттері. Балалардың асханада жұмыс жасайтын мамандар: аспаз, даяшы, кассир, гардероб қызметкері жайлы білімдерін, әдептілік ережелерін меңгеруді, қоғамдық орындардағы тамақтану әдебін, оларды сақтауға ынталануды бекіту; еңбекті құрметтеуге, әдептілік негізінде қарым-қатынас орнатуға тәрбиелеу. Керекті құрал-жабдықтар. Асхана жиһаздары (үстел, орындықтар), асхана қызметкерлерінің киім үлгілері мен (аспаз, даяшы, кассир, гардероб қызметкері). Мүсіндеу. "Тәтті тоқаштар". Мақсат-міндеттері. Сазбалшықтан мүсіндеуге қызығушылыққа баулу; бөлу, дөңгелектеу тәсілдерін пайдалана отырып, азық-түлік түрлерін (тоқаштарды) мүсіндеуге үйрету.	**Вариативтік компонент** STEAM Art. «Геометриялық фигуралардан суретті жина» ойыны (математика негіздері, құрастыру, тіл дамыту және көркем әдебиет) Міндеттер: балалардың шығармашылық қиялын, ойлауын, зейінін, жазықтыққа бағдарлануын дамыту; геометриялық фигуралардан әртүрлі бейнелерді құрауды, оларды бір сюжетке біріктіруге жаттықтыру; достарына өз жұмысы туралы айтуға, шағын әңгіме құрастыруға итермелеу; табандылыққа, жүйелілікке тәрбиелеу. Құрал–жабдықтар Геометриялық фигуралар жинақтары. «Қаржылық сауаттылық». "Дүкен" сюжетті-рөлдік ойыны. (қоршаған әлеммен таныстыру, тіл дамыту және көркем әдебиет) Мақсат-міндеттері. Тауар мен қаражат алмасу, әрекеттерін игерту; барлық нәрсенің құны және бағасы бар болғаны туралы түсіндіру; еңбекке, еңбекті құрметтей білуге, сыпайылыққа, ізгілікке, адалдыққа баулу. Қажетті құралдар: ойыншықтар, ыдыс-аяқтар, тағам түрлерінің ойыншықтары, ақ халат, қалпақ, есеп шот, қағаздан жасалған дөңгелектер.	"Қуыршақ бөлмесін жасаймыз" дидактикалық ойыны. (қоршаған әлеммен таныстыру, тіл дамыту және көркем әдебиет) Мақсат-міндеттері. Жиһаз және оның мақсаты туралы білімді бекіту. Құрал-жабдықтар: балалар жиһазының заттары. Ойын барысы: Тәрбиеші балаларға: - Алуа қуыршағына жаңа жиһаз сатып алды, бірақ ол оны бөлмеге қалай қою керектігін білмей тұр. Оған жиһаз қоюға көмектесейік. Тәрбиеші балалармен бірге үстелді ортаға қояды. Үстелдің қажеттілігі туралы, балалардан сұрайды. Мысалы, "Бұл үстел, біз оны бөлменің ортасына қоямыз. Қуыршақ үстел басында тамақтанатын болады. Орындықты үстелдің жанына қою керек, ол оған отырады. Осылай әр жиһаздың қажеттілігін балалар айтып береді. «Ұлттық ойын - ұлт қазынасы» Қазақ халқының ұлттық ойындары. «Қарақұлақ» ойыны. (қоршаған әлеммен таныстыру, математика негіздері, тіл дамыту және көркем әдебиет)
Балалармен жеке жұмыс	Артикуляциялық жаттығулар. (тіл дамыту және көркем әдебиет) Мақсат-міндеттері. Артикуляциялық жаттығу арқылы баланың сөйлеуін, тілін, дыбысты дұрыс дыбыстауын дамыту.	"Жауын" тақпағын жаттау. (тіл дамыту және көркем әдебиет) Мақсат-міндеттері. Күз мезгілінде табиғи құбылыстардың ерекшеліктері туралы әңгімелесу. Жаңа өлеңдерді тыңдай білуге тәрбиелеу. Балалармен кейіпкерлердің әрекеттері мен олардың әрекеттерінің салдарын	Артикуляциялық жаттығулар. (тіл дамыту және көркем әдебиет) Мақсат-міндеттері. Артикуляциялық жаттығу арқылы баланың сөйлеуін, тілін, дыбысты дұрыс дыбыстауын дамыту.	"Таңертең" тақпағын жаттау. (тіл дамыту және көркем әдебиет) Мақсат-міндеттері. Тәулік бөліктері туралы әңгімелесу. Жаңа өлеңдерді тыңдай білуге тәрбиелеу. Балалармен кейіпкерлердің әрекеттері мен олардың әрекеттерінің салдарын талқылау. Қастек Баянбаев "Таңертең".	Жұмбақ жаттау. (тіл дамыту және көркем әдебиет) Мақсат-міндеттері. Жұмбақтардың шешімін табу. Әр жұмбақтың суреттері болу керек.

		талқылау. Төленді Нұрмұхамедов "Жауын". Қызыл отты қамшысы Көкке жарқыл шашады, Еркебұлан тамшысы Домаланып қашады. Жаңбыр жауып өтеді: Қуанады сарғалдақ. Дала жайнап кетеді, Бір шомылып алғанда-ақ!		Ерте тұрғым келмейді, Бірақ тағы тұрамын. Көзім түк те көрмейді, Естімейді құлағым. Суды ағызып ақырын, Жуған болам бетімді. Кешегі көп ақылым Кеміп қалған секілді. Бала баққа бүгін де Барғым келе қоймайды. Жақсы көрем үйімде Кейде жеке болғанды. Бірақ үйден шығамын Қол ұстасып көкеммен.	
Серуенге дайындық	Өзіне-өзі қызмет көрсетуге деген ұмтылысын қолдау: белгілі реттілікпен киінуге және шешінуге, тісті тазалауға, ұқыптылыққа, киіміндегі олқылықтарды байқауға, оларды ересектің көмегімен немесе өз бетінше реттеуге, ас ішу құралдарын орнымен қолдануға баулу. (мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)				
Серуен	Аспан мен бұлттарды бақылау. (қоршаған әлеммен таныстыру, тіл дамыту және көркем әдебиет) Мақсат-міндеттері. Өлі табиғат құбылыстарына (бұлттарға, желге) қызығушылықтарын қалыптастыру, алған әсерлерімен бөлісуге, өз ойын айтуға үйрету. Аспандағы өзгерістерге назар аудару. Аспан қандай: көгілдір, бұлт пайда болды. Серікбай Оспанов "Күн бұлттанды неліктен...", Күн бұлттанды неліктен, Жел соқты ұрынып – желіккен! Бақ іші көленке жамылып, Айрылды лезде көріктен. "Ормандағы аюда" қимыл-қозғалыс ойыны. (дене тәрбиесі) Мақсат-міндеттері. Балаларды қарапайым ережелерді сақтауға, қимылдарды үйлестіруге, кеңістікті бағдарлауға, белгілерге сәйкес әрекет етуге, ойын шартын бұзбай, тақпақ сөздерін айта жүріп, қимылдарды жасауға, бір-біріне соғылмай, бір бағытта жылдам жүгіруге дағдыландыру; ұйымшылдыққа тәрбиелеу. Ормандағы аюдың Құлпынайы көп екен.	Ауа райын бақылау. (қоршаған әлеммен таныстыру, тіл дамыту және көркем әдебиет, қазақ тілі) Мақсат-мәндеттері. Ауа-райының жағдайын анықтау (суық, жылы), күзгі маусымдық табиғат құбылыстарын бақылауға баулу, алған әсерлерімен бөлісуге, өз ойын айтуға үйрету. қоршаған әлемге деген сүйіспеншілікті арттыру. Ауа райын байқайық, Аспан, ағашқа қарайық. Бұлтты аспан, Ашық па, Жел есе(ді) ме, Соға(ды) ма, Күн жылы ма, Суық па. Ауа райын байқайық, Не киеміз, қарайық. (Д. Ахметова) "Күн түн" қимыл-қозғалыс ойыны. (дене тәрбиесі, математика негіздері) Мақсат-міндеттері: қимылды ойындарға баулу, балаларды қарапайым ережелерді сақтауға, қимылдарды үйлестіруге, кеңістікті бағдарлауға, "жүгір" ("күн шықты"), "тұр" ("түн түсті") белгілеріне сәйкес әрекет етуге үйрету. «Ұлттық ойын - ұлт қазынасы» (дене тәрбиесі) Қазақ халқының ұлттық ойыны. «Қазан». (дене тәрбиесі) Мақсат-міндеттері. Балаларды қазақ ұлттық ойындарға бейімдеу, қарапайым ережелерді сақтауға,	«Қауіпсіздік». Жүргіншілерді бақылау. (қоршаған әлеммен таныстыру, тіл дамыту және көркем әдебиет) Мақсат-міндеттері. Балаларды көшеде жүрген жүргіншілерді бақылауға бейімдеу; ересек адамдар мен балалардың арасындағы ұқсастықтар, айырмашылықтарды анықтауға мүмкіндік жасау; жол ережелерін бекіту. "Көлік пен торғайлар" қимылды ойыны. (дене тәрбиесі) Мақсат-міндеттері. Ойын шартына сай қимылдауға дағдыландыру; ойын кейіпкерлеріне еліктей білуге бейімдеу; шапшаңдыққа, зеректікке, кеңістікті бағдарлауға баулу. Әр бала "торғай" болып орындықта отырады. Педагог "көлік" болады. Педагогтің белгісі бойынша "торғайлар" залдың ортасында кез келген бағытта жүгіріп ойнайды. Педагогтің "Көлік келе жатыр! Абай болыңдар!" деген белгісінен кейін балалар жүгіріп орындарына "ұяларына" бару керек. Ойын 4-5 айналымды құрайды. Құралдары: "көлікке" (бір-екі бала да болу мүмкін) руль; "торғайларға" таңбалауыштар. "Жолмен жүрейік" ойыны. (дене тәрбиесі) Мақсат-міндеттері. Балалардың "жіңішке" жолмен, тепе-теңдікті сақтап жүру амалына дағдыландыру;	Көлеңкені бақылауды. (қоршаған әлеммен таныстыру, тіл дамыту және көркем әдебиет) Мақсат-міндеттері. Көлеңке құбылысына қызығушылықты ояту; көлеңкенің жарық күнмен тікелей байланысын көрсету; байқағыштыққа тәрбиелеу; жағымды эмоцияларды дамыту. Педагог көлеңкенің кешке таман ұзаратынын байқату; тек күн (жарық) түскенде пайда болатынын көрсетету; көлеңкенің қара, сұр түсті ғана болатынын байқату. "Өнегелі тәрбие". Еңбек әрекеті: курап түскен жапырақтарды жинау. (қоршаған ортамен танысу, еңбекке баулу дағдылары) Мақсат-міндеттері. Балалардың қарапайым еңбек дағдыларына машықтандыру. "Жапалақ" қимыл-қозғалыс ойыны. (дене тәрбиесі) Мақсат-міндеттері. Балаларды ойын шарты бойынша, белгілерге сай қимылдауға жаттықтыру; тышқан, шымшық және жапалақ қимылдарына еліктеуге ынталандыру; ептілікке, зеректікке, шапшаңдыққа тәрбиелеу. «Ұлттық ойын - ұлт қазынасы» Қазақ халқының ұлттық ойыны. «Теңге ілу». (дене тәрбиесі) Мақсат-міндеттері. Балаларды қазақ ұлттық ойындарға бейімдеу,	«Қауіпсіздік», «Экология». Шыршаны бақылау. (қоршаған әлеммен таныстыру, тіл дамыту және көркем әдебиет) Мақсат-міндеттері. Туған өлкенің кейбір өсімдіктерінің бірі шырша (не қарағай) туралы қарапайым түсініктерді қалыптастыру; өсімдіктің бөліктерін атауға ынталандыру; табиғаттың сұлулығына қызығушылықты ояту; алған әсерлерімен бөлісуге, өз ойын айтуға үйрету. Шыршаны бақылауда қауіпсіздік ережелерін ұстануды қағадағау. Шыршаның адамның денсаулығына жағымды әсері туралы әңгімелеу. Шырша, шырша, шыршамыз, Ұнатамыз баршамыз. Мереке қарсаңында, Төрімізде тұрсаңыз. Мәңгі жасыл көркемім, Өсе берші көркейіп. Неткен әсем, асылсың, Жыл бойына жасылсың! (Д. Қ. Бұланбаева) Балаларға шыршада жапырақтардың орнына инелердің болғанын, күзде түсіп қалмайтынын түсіндіру; шырша инесі мен терек жапырағын көрсетіп, салыстыруға мүмкіндіктер жасау. «Тышқандар қамбада» қимыл-қозғалыс ойыны. (дене тәрбиесі) Мақсат-міндеттері: балалардың ойын ережелері бойынша ойнауға деген

	Теріп-теріп алайық, Себетімізге салайық Балалар, жақын келеді, Аю жидегін береді. «Ұлттық ойын - ұлт қазынасы» Қазақ халқының ұлттық ойыны. «Теңге ілу». (дене тәрбиесі) Мақсат-міндеттері. Балаларды қазақ ұлттық ойындарға бейімдеу, қарапайым ережелерді сақтауға, қимылдарды үйлестіруге, кеңістікті бағдарлауға ынталандыру; дәлдікке, ептілікке тәрбиелеу. "Шеңберден шеңберге" жаттығуы. (дене тәрбиесі) Мақсат-міндеттері. Балаларды жерде жатқан бір шеңберден екінші шеңберге секіріп өтуге машықтандыру; шапшаңдыққа, ептілікке тәрбиелеу. Құралдар: үш-төрт шеңбер. «Өнегелі тәрбие». Еңбек тапсырмалары: ойындардан кейін ойыншықтарды жинау. Мақсат-міндеттері. Балаларды ересекке еліктеп, қарапайым тапсырмаларды өздігінен орындауға; ойыншықтарды құмнан қағып, қорапқа салуға ынталандыру; тиянақтылыққа, тазалыққа тәрбиелеу. Қауіпсіздік. Тапсырмаларды орындауда қауіпсіздік ережелерін қадағалау: ойыншықтарды, қолды ауызға салмау. Балалардың еркін ойындары. (қоршаған әлеммен таныстыру, дене тәрбиесі) Мақсат-міндеттері. Балалардың ойындарда дербестігін, белсендігін дамыту; жақсы және жаман әрекеттерді дұрыс бағалау тәжірибесін қалыптастыру.	қимылдарды үйлестіруге, кеңістікті бағдарлауға ынталандыру; дәлдікке, ептілікке тәрбиелеу. Құралдар: асықтар, шеңбер. Балалар көлденең тұрған нысанаға асықтарды 3 метр қашықтықтан лақтырады. Сөреден 3 метр жерде үлкен қазан тұрады (шеңбер). Әр топтың ойыншылары асықтарды белгі бойынша қазанға лақтырады. Қазанның ішіне көбірек асық түсірген топ жеңеді. Қауіпсіздік. Ойында қауіпсіздік ережелерін қадағалау. «Өнегелі тәрбие». Еңбек тапсырмалары: ойындардан кейін ойыншықтарды жинау. Мақсат-міндеттері. Балаларды ересекке еліктеп, қарапайым тапсырмаларды өздігінен орындауға; ойыншықтарды құмнан қағып, қорапқа салуға ынталандыру; тиянақтылыққа, тазалыққа тәрбиелеу. Қауіпсіздік. Тапсырмаларды орындауда қауіпсіздік ережелерін қадағалау: ойыншықтарды, қолды ауызға салмау. Балалардың еркін ойындары. (қоршаған әлеммен таныстыру, дене тәрбиесі) Мақсат-міндеттері. Балалардың ойындарда дербестігін, белсендігін дамыту; ойын тақырыбын өздеріне таңдауды үйрету.	мұқияттылыққа тәрбиелеу. Тәрбиеші өзіне балаларды шақырады, суретті көрсетеді, жолдың қандай түзу екеніне назар аударады (аралығы 20-30см екі қатар сызық). Бұдан кейін балаларға, сызықтан шықпастан, осы жолдың бойымен қыдыруды ұсынады. Балалар бірінің артынан бірі бір бағытпен жүреді, сол тәртіппен қайта қайтады. Бұл ойынды учаскеде өткізген жақсы. Балалардың бір-бірімен соқтығып қалмау үшін, ойынға бір мезгілде 5-6 адам қатыстырылады. Ойынның күрделенуі: құм салынған кішкентай қапшықты алып, қолды белге қойып жүру әдісі. Балалардың еркін ойыны. «Өнегелі тәрбие». Еңбек тапсырмалары: ойындардан кейін ойыншықтарды жинау. Мақсат-міндеттері. Балаларды ересекке еліктеп, қарапайым тапсырмаларды өздігінен орындауға; ойыншықтарды құмнан қағып, қорапқа салуға ынталандыру; тиянақтылыққа, тазалыққа тәрбиелеу. Қауіпсіздік. Тапсырмаларды орындауда қауіпсіздік ережелерін қадағалау: ойыншықтарды, қолды ауызға салмау. Балалардың еркін ойындары. (қоршаған әлеммен таныстыру, дене тәрбиесі) Мақсат-міндеттері. Балалардың ойындарда дербестігін, белсендігін дамыту; жақсы және жаман әрекеттерді дұрыс бағалау тәжірибесін қалыптастыру; ойын тақырыбын өздеріне таңдауды үйрету.	қарапайым ережелерді сақтауға, қимылдарды үйлестіруге, кеңістікті бағдарлауға ынталандыру; дәлдікке, ептілікке тәрбиелеу. "Теректей биік болып өсейік" жаттығуы. (дене тәрбиесі) Мақсат-міндеттері. Балаларды бір бағытта аяқ ұшына тұрып, тепе-теңдікті сақтап жүруге дағдыландыру; жүргенде қолдарды жоғары көтеріп, аяқты өкшеге баспай жүру қабілетін дамыту. Еркін ойын әрекеттері, далаға алып шығатын материалдармен ойындар. Мақсат-міндеттері. Қызығушылықтары бойынша ойын таңдау мүмкіндігін қамтамасыз ету және өз құрдастарымен қарым-қатынасқа түсе білуін қалыптастыру. «Өнегелі тәрбие». Еңбек тапсырмалары: ойындардан кейін ойыншықтарды жинау. Мақсат-міндеттері. Балаларды ересекке еліктеп, қарапайым тапсырмаларды өздігінен орындауға; ойыншықтарды құмнан қағып, қорапқа салуға ынталандыру; тиянақтылыққа, тазалыққа тәрбиелеу. Қауіпсіздік. Тапсырмаларды орындауда қауіпсіздік ережелерін қадағалау: ойыншықтарды, қолды ауызға салмау.	қызығушылығын және дағдыларын дамыту, белгі бойынша жүгіру, секіру; белсенділігін, бұлшық еттерін, дене қимылдары қасиеттерін (ептілікті, жылдамдықты) дамыту; ойынды қызыға ойнауға баулу. Құрал-жабдықтар: маскалар, арқан. "Сызықты баспа" қимыл жаттығуы. (дене тәрбиесі) Мақсат-міндеттері. Балаларды бір бағытта жылжи отырып, екі аяқпен секіруге дағдыландыру. Балалардың секіру жолының бойына көлденең сызықтар салынады немесе жіптер төселінеді. «Өнегелі тәрбие». Еңбек тапсырмалары: ойындардан кейін ойыншықтарды жинау. Мақсат-міндеттері. Балаларды ересекке еліктеп, қарапайым тапсырмаларды өздігінен орындауға; ойыншықтарды құмнан қағып, қорапқа салуға ынталандыру; тиянақтылыққа, тазалыққа тәрбиелеу. Қауіпсіздік. Тапсырмаларды орындауда қауіпсіздік ережелерін қадағалау: ойыншықтарды, қолды ауызға салмау. Балалардың еркін ойындары. (қоршаған әлеммен таныстыру, дене тәрбиесі) Мақсат-міндеттері. Балалардың ойындарда дербестігін, белсендігін дамыту; жақсы және жаман әрекеттерді дұрыс бағалау тәжірибесін қалыптастыру; ойын тақырыбын өздеріне таңдауды үйрету.
Серуеннен оралу	Балаларды киімдерін жүйелі түрде шешуді дағдыландыру, шкаф сөрелеріне киімдерін орналастыру, қолдарын жуу. (мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет) «Үнемді пайдалану». Суды ағымын үнемді пайдалануға, суды төкпей, шашпай жуынуға үйрету, тазалыққа, ұқыптылыққа тәрбиелеу.				
Кешкі ас	«Үнемді пайдалану». Өзіне тиісті асты асықпай, ("обалыға") қалдырмай тамақтануға үйрету, тазалыққа, ұқыптылыққа тәрбиелеу. Тамақтану мәдениетін қалыптастыру: қасықты дұрыс ұстау, сорпаны төкпеу, нанды үгітпеу, майлықты дұрыс қолдану, тамақ ішкенде сөйлемеу. Мақсат-міндеттері. Өзін-өзі күту, тамақтану, мәдениетті қарым-қатынас негіздерін дамыту. Асты шашпай, төкпей іш,				

	Сораптамай, баппен іш. Келген асты алдыңа Тауысып іш, қалдырма. Тәрбиеші балалардың үстел үстінде дұрыс отыруларын қадағалайды. (мәдени-гигиеналық дағдылар)				
Балалардың дербес іс-әрекеті (қимылдық, ұлттық, сюжеттік-рөлдік, үстел үсті-баспа және басқа ойындар), бейнелеу іс-әрекеті, кітап қарау және басқалары)	Кітап бұрышында: өткен тақырыптар бойынша суреттерді қарау, сипаттау; ертегілерді есте жаңғырту, кейіпкерлердің сөздерін қайталау. Міндеттер. Суреттерді, заттарды қарастыруда, тірі және өлі табиғат нысандарын бақылау кезінде, шығармаларды тыңдағаннан, мультфильмдер, ертегілер көргеннен кейін балаларды алған әсерлерімен бөлісуге, өз ойын айтуға үйрету. Ауызекі сөйлеудің қарапайым түрлерін меңгерту, балалардың өздеріне айтылған сөзді, пікірді түсінуін қалыптастыру, алдын ала үйретілген сөйлеу үлгілерін есте сақтап, әңгімелесе білуге баулу. (коммуникативті дағдылар, қазақ тілі, тіл дамыту және көркем әдебиет) Музыкалық аспаптармен ойындар. Балабақша туралы әндер тыңдау. (музыка) Міндеттер. Музыкамен жүру мен жүгіруді ырғақты орындау, шеңбер бойымен бірінің артынан бірі жүру және шашырап жүруге үйрету. Музыканың басталуы мен аяқталуына сәйкес қимылдарды орындау, қимылдарды өз бетінше бастау және аяқтау. Би қимылдарын орындау сапасын жақсарту: кезек-кезек екі аяқпен және бір аяқпен секіру. Заттармен және заттарсыз музыкалық шығарманың қарқыны мен сипатына сәйкес бір-бірден, жұппен ырғақты қимылдар орындау. Өнер бұрышында балабақшаны, ойыншықтарды мүсіндеу, жапсыру, суретін бояу. (шығармашылық дағдылар, сурет салу, жапсыру,	Кітап бұрышында: өткен тақырыптар бойынша суреттерді қарау, сипаттау; ертегілерді есте жаңғырту, кейіпкерлердің сөздерін қайталау. Міндеттер. Суреттерді, заттарды қарастыруда, тірі және өлі табиғат нысандарын бақылау кезінде, шығармаларды тыңдағаннан, мультфильмдер, ертегілер көргеннен кейін балаларды алған әсерлерімен бөлісуге, өз ойын айтуға үйрету. Ауызекі сөйлеудің қарапайым түрлерін меңгерту, балалардың өздеріне айтылған сөзді, пікірді түсінуін қалыптастыру, алдын ала үйретілген сөйлеу үлгілерін есте сақтап, әңгімелесе білуге баулу. (коммуникативті дағдылар, қазақ тілі, тіл дамыту және көркем әдебиет) Музыкалық аспаптармен ойындар. Балабақша туралы әндер тыңдау. (музыка) Міндеттер. Музыкамен жүру мен жүгіруді ырғақты орындау, шеңбер бойымен бірінің артынан бірі жүру және шашырап жүруге үйрету. Музыканың басталуы мен аяқталуына сәйкес қимылдарды орындау, қимылдарды өз бетінше бастау және аяқтау. Би қимылдарын орындау сапасын жақсарту: кезек-кезек екі аяқпен және бір аяқпен секіру. Заттармен және заттарсыз музыкалық шығарманың қарқыны мен сипатына сәйкес бір-бірден, жұппен ырғақты қимылдар орындау. Өнер бұрышында балабақшаны, ойыншықтарды мүсіндеу, жапсыру, суретін бояу. (шығармашылық дағдылар, сурет салу, жапсыру, мүсіндеу) Міндеттер. Көлденең және тік сызықтарды салу, олардың қиылысуын жүргізе білу, әр түрлі пішіндегі (көгөністер мен жемістер, ыдыс-аяқ, ойыншықтар, жануарлар), дөңгелек пішінді (шарлар, бұлттар, күн) заттарды бейнелеу, бірнеше көлденең және тік сызықтардан	Кітап бұрышында: өткен тақырыптар бойынша суреттерді қарау, сипаттау; ертегілерді есте жаңғырту, кейіпкерлердің сөздерін қайталау. Міндеттер. Суреттерді, заттарды қарастыруда, тірі және өлі табиғат нысандарын бақылау кезінде, шығармаларды тыңдағаннан, мультфильмдер, ертегілер көргеннен кейін балаларды алған әсерлерімен бөлісуге, өз ойын айтуға үйрету. Ауызекі сөйлеудің қарапайым түрлерін меңгерту, балалардың өздеріне айтылған сөзді, пікірді түсінуін қалыптастыру, алдын ала үйретілген сөйлеу үлгілерін есте сақтап, әңгімелесе білуге баулу. (коммуникативті дағдылар, қазақ тілі, тіл дамыту және көркем әдебиет) Музыкалық аспаптармен ойындар. Балабақша туралы әндер тыңдау. (музыка) Міндеттер. Музыкамен жүру мен жүгіруді ырғақты орындау, шеңбер бойымен бірінің артынан бірі жүру және шашырап жүруге үйрету. Музыканың басталуы мен аяқталуына сәйкес қимылдарды орындау, қимылдарды өз бетінше бастау және аяқтау. Би қимылдарын орындау сапасын жақсарту: кезек-кезек екі аяқпен және бір аяқпен секіру. Заттармен және заттарсыз музыкалық шығарманың қарқыны мен сипатына сәйкес бір-бірден, жұппен ырғақты қимылдар орындау. Өнер бұрышында балабақшаны, ойыншықтарды мүсіндеу, жапсыру, суретін бояу. (шығармашылық дағдылар, сурет салу, жапсыру, мүсіндеу) Міндеттер. Көлденең және тік сызықтарды салу, олардың қиылысуын жүргізе білу, әр түрлі пішіндегі (көгөністер мен жемістер, ыдыс-аяқ, ойыншықтар, жануарлар), дөңгелек пішінді (шарлар, бұлттар, күн) заттарды бейнелеу, бірнеше көлденең және тік сызықтардан	Кітап бұрышында: өткен тақырыптар бойынша суреттерді қарау, сипаттау; ертегілерді есте жаңғырту, кейіпкерлердің сөздерін қайталау. Міндеттер. Суреттерді, заттарды қарастыруда, тірі және өлі табиғат нысандарын бақылау кезінде, шығармаларды тыңдағаннан, мультфильмдер, ертегілер көргеннен кейін балаларды алған әсерлерімен бөлісуге, өз ойын айтуға үйрету. Ауызекі сөйлеудің қарапайым түрлерін меңгерту, балалардың өздеріне айтылған сөзді, пікірді түсінуін қалыптастыру, алдын ала үйретілген сөйлеу үлгілерін есте сақтап, әңгімелесе білуге баулу. (коммуникативті дағдылар, қазақ тілі, тіл дамыту және көркем әдебиет) Музыкалық аспаптармен ойындар. Балабақша туралы әндер тыңдау. (музыка) Міндеттер. Музыкамен жүру мен жүгіруді ырғақты орындау, шеңбер бойымен бірінің артынан бірі жүру және шашырап жүруге үйрету. Музыканың басталуы мен аяқталуына сәйкес қимылдарды орындау, қимылдарды өз бетінше бастау және аяқтау. Би қимылдарын орындау сапасын жақсарту: кезек-кезек екі аяқпен және бір аяқпен секіру. Заттармен және заттарсыз музыкалық шығарманың қарқыны мен сипатына сәйкес бір-бірден, жұппен ырғақты қимылдар орындау. Өнер бұрышында балабақшаны, ойыншықтарды мүсіндеу, жапсыру, суретін бояу. (шығармашылық дағдылар, сурет салу, жапсыру, мүсіндеу) Міндеттер. Көлденең және тік сызықтарды салу, олардың қиылысуын жүргізе білу, әр түрлі пішіндегі (көгөністер мен жемістер, ыдыс-аяқ, ойыншықтар, жануарлар), дөңгелек пішінді (шарлар, бұлттар, күн) заттарды бейнелеу, бірнеше көлденең және тік сызықтардан

	мүсіндеу) Міндеттер. Көлденең және тік сызықтарды салу, олардың қиылысуын жүргізе білу, әр түрлі пішіндегі (көгөністер мен жемістер, ыдыс-аяқ, ойыншықтар, жануарлар), дөңгелек пішінді (шарлар, бұлттар, күн) заттарды бейнелеу, бірнеше көлденең және тік сызықтардан тұратын заттарды бейнелеу. Қолдың ұсақ және ірі моторикасын дамытатын ойындар. (құрастыру) Міндеттер. Балалардың құрастыруға қызығушылығын арттыру, конструкторлардың түрлерімен таныстыру.	тұратын заттарды бейнелеу. Қолдың ұсақ және ірі моторикасын дамытатын ойындар. (құрастыру) Міндеттер. Балалардың құрастыруға қызығушылығын арттыру, конструкторлардың түрлерімен таныстыру.	тұратын заттарды бейнелеу. Қолдың ұсақ және ірі моторикасын дамытатын ойындар. (құрастыру) Міндеттер. Балалардың құрастыруға қызығушылығын арттыру, конструкторлардың түрлерімен таныстыру.	жемістер, ыдыс-аяқ, ойыншықтар, жануарлар), дөңгелек пішінді (шарлар, бұлттар, күн) заттарды бейнелеу, бірнеше көлденең және тік сызықтардан тұратын заттарды бейнелеу. Қолдың ұсақ және ірі моторикасын дамытатын ойындар. (құрастыру) Міндеттер. Балалардың құрастыруға қызығушылығын арттыру, конструкторлардың түрлерімен таныстыру.	тұратын заттарды бейнелеу. Қолдың ұсақ және ірі моторикасын дамытатын ойындар. (құрастыру) Міндеттер. Балалардың құрастыруға қызығушылығын арттыру, конструкторлардың түрлерімен таныстыру.
Балалардың үйге қайтуы	Кеңес. "Баланың бос уақытын тиімді пайдалану".	"Үлкендерге құрмет" тақырыбында әңгімелесу.	Ата-аналарға кеңес. "Қыңырлықты түзеу жолдары".	Ата-аналарға арналған сауалнама. "Отбасындағы саламатты өмір салтының шарттары".	Ата-аналармен жеке әңгімелесу. Көзге арналған түзету гимнастикасы.

ТӘРБИЕЛЕУ-БІЛІМ БЕРУ ПРОЦЕСІНІҢ ЦИКЛОГРАММАСЫ

Мектепке дейінгі ұйым (білім беру ұйымының атауы) ТОО Korkem baby балабақшасы
Топ: ортаңғы «Балапан» топ
Балалардың жасы: 3 жастағы балалар
Қандай кезеңге жасалды (апта күндерін, айды, жылды көрсету): 20.10 - 24.10.2025ж.

Апта күндері	***Дүйсенбі***	***Сейсенбі***	***Сәрсенбі***	***Бейсенбі***	***Жұма***
Атаңның баласы болма, адамның баласы бол. Абай Құнанбайұлы					
Балаларды қабылдау	Таңғы сүзгі: балалардың терісін, дене қызуын, сыртқы көрінісін тексеру. Балаларды жақсы көңіл күймен қарсы алу және оларға қолайлы жағдай	Таңғы сүзгі: балалардың терісін, дене қызуын, сыртқы көрінісін тексеру. Балаларды жақсы көңіл күймен қарсы алу және оларға қолайлы жағдай жасау. Баланың	Таңғы сүзгі: балалардың терісін, дене қызуын, сыртқы көрінісін тексеру. Балаларды жақсы көңіл күймен қарсы алу және оларға қолайлы жағдай жасау. Баланың	Таңғы сүзгі: балалардың терісін, дене қызуын, сыртқы көрінісін тексеру. Балаларды жақсы көңіл күймен қарсы алу және оларға қолайлы жағдай жасау. Баланың көңіл күйін, оның	Таңғы сүзгі: балалардың терісін, дене қызуын, сыртқы көрінісін тексеру. Балаларды жақсы көңіл күймен қарсы алу және оларға қолайлы жағдай жасау. Баланың

	жасау. Баланың көңіл күйін, оның жеке пікірін, қызығушылығын анықтау. Білім тақырыбында әуенді қосып қарсы алу. Сәлемдесу Қайырлы таң, ашық аспан! Қайырлы таң, кең далам! Қайырлы таң, күннің нұры! Қайырлы таң, балабақшам! Бәрі бірге айтады. (тіл дамыту)	көңіл күйін, оның жеке пікірін, қызығушылығын анықтау. Сәлемдесу Күн жылуын аямасын, Шуағымен аяласын. Достық деген бәйтеректі, Барлық бала саяласын. (тіл дамыту)	көңіл күйін, оның жеке пікірін, қызығушылығын анықтау. Білім тақырыбында әуенді қосып қарсы алу. Сәлемдесу Армысың, Әлем! Армысың, Жарық күн! Армысың, абзал Адам! Армысың, менің досым! (тіл дамыту)	жеке пікірін, қызығушылығын анықтау. Білім тақырыбында әуенді қосып қарсы алу. Сәлемдесу «Амансың ба, Алтын күн!» Амансың ба, Алтын күн! Амансың ба, Жер - Ана! Амансың ба, достарым! Сендерді көрсем қуанам! (қарым-қатынас іс-әрекеті, музыка)	көңіл күйін, оның жеке пікірін, қызығушылығын анықтау. (қарым-қатынас іс-әрекеті, музыка)
Ата-аналармен немесе баланың басқа заңды өкілдерімен әңгімелесу, кеңес беру	"Отбасымен серуендеу" тақырыбында көрме ұйымдастыру.	Ата-аналарға тәрбиеленушілердің денсаулық жағдайы туралы ақпарат беру.	"Музыка және балалардың психикалық денсаулығы" тақырыбында әңгімелесу, кеңестер беру.	"Баланың жүйке жүйесін қорғаңыз" тақырыбында әңгімелесу.	"Үйде демалысты қалай өткізу керек?" әңгімелесу.
Балалардың іс-әрекеті (ойын, танымдық, коммуникативтік, шығармашылық, эксперименталдық, еңбек, қимыл, бейнелеу, дербес және басқалары)	«Өнегелі тәрбие» Еңбек: Балаларға топ бөлмесінде тәртіп сақтауды үйрету: ойыншықтарды, құрылыс материалдарын орындарына жинау, оларды сындырмау. «Менің Қазақстаным» Қазақстан Республикасының Гимн орындауы. Мақсат-міндеттер. Балаларды патриоттық тәрбиені қалыптастырады. (музыка) "Біз құсты іздейміз" ойыны. (математика негіздері, қазақ тілі) Мақсат-міндеттері. Өзіне қатысты кеңістік бағыттарын анықтау: үстінде-астында, алдында-артында, оң-сол; құстарды дұрыс атай білу қабілеттерін қалыптастыру; қазақ тіліне тән ә, ө, қ, ү, ұ дыбыстарын өздігінен дұрыс айтуға баулу. Тәрбиешінің қолында кішкентайдың құстың ойыншығы бар. Тәрбиеші құсты жасырады. Балалар оны іздеулері қажет. - Қанекей, балалар, ойынды бастаймыз. Көзімізді жұмамыз. Мен ойыншықты жасырамын.	«Өнегелі тәрбие». Еңбек тапсырмалары: «Өсімдіктерді суару». (қоршаған әлеммен таныстыру, еңбекке баулу) Бөлме өсімдіктерінің 2-3 түрін тану және атау (мысалы, фикус, аспидистра, бальзамин), өсімдік бөліктерін тану; қарапайым тапсырмаларды өздігінен (ересектің көмегімен) орындауға, өсімдіктерді суаруға баулу; қамқорлыққа, ұқыптылыққа тәрбиелеу. "Құстарды сұлбасы бойынша таны" дидактикалық ойыны. (тіл дамыту және көркем әдебиет, қоршаған әлеммен таныстыру) Мақсат-міндеттері. Балалардың қыстайтын және жыл құстары туралы білімдерін бекітуге үлес қосу, сұлбасы бойынша құстарды тануды үйрету. Барысы: балаларға құстардың сұлбасы ұсынылады. Балалар құстарды анықтап, оларды жыл құстары немесе қыстайтын құс деп атайды. Тыныс алу жаттығуы. «Құс мамығын үрле». (ден тәрбиесі, тіл дамыту және көркем әдебиет) Мақсат-міндеттер. Балаларды сөйлеу барысында дұрыс тыныс алуға үйрету, артикуляцияны дамыту. Көркем сөзді мәнерлеп оқу жаттығуы. (тіл дамыту және көркем	«Өнегелі тәрбие». Қауіпсіздік. Еңбек тапсырмалары: «Аквариум балықтарын қоректендіру». (қоршаған әлеммен таныстыру, еңбекке баулу) Табиғат бұрышын мекендеушілерді бақылау дағдыларын қалыптастыру; қарапайым тапсырмаларды өздігінен (ересектің көмегімен) орындауға баулу; қамқорлыққа, ұқыптылыққа тәрбиелеу. Балалардың балықтарға қорек өнімдеріне аллергиясын анықтау, қауіпсіздікті сақтануды қамтамасыз ету. "Бұлттар мен құстар" саусақ жаттығуы, жаңылтпаш. (тіл дамыту және көркем әдебиет) Мақсат-міндеттері. Балаларды мәтінінің ырғағына сай қимылдауға дағдыландыру; артикуляцияны, ой-қиялын жетілдіру, қолдың ұсақ моторикасын, жағымды эмоцияларды дамыту. Бұлттар құстай ұшады, (қолдарды қырынан қосып, саусақтармен бірге бұлғау, құстың ұшқанына еліктеу) Құстар бұлттай ұшады, Көк аспанда, биікте, (аталған қимылдарды, қолдарды жоғары көтеріп, төмен түсіріп, орындау)	«Өнегелі тәрбие» Еңбек: Балаларды сумен жұмыс істегенде гигиеналық дағдыларды сақтауға үйрету: жеңдеріңді түріңдер, матаны сулап құрғатыңдар, лас болған кезде шайыңдар. Сумен жұмыс кезінде еңбек дағдылары мен әдеттерін, ұқыптылығын дамыту. Саусақ жаттығуы. (физикалық даму, тіл дамыту және көркем әдебиет) Мақсат-міндеттері. Балаларға қимылдарды мәтін жолдарына сай орындауға дағдыландыру; қолдың ұсақ моторикасын, елестету, ойлау қабілетін дамыту. Шаршы бұрышын құрайық, Саусақ ұштарын қосайық. Бір, екі, үш, төрт. Бір, екі, үш, төрт. Бір, екі, үш, төрт. Бір, екі, үш, төрт. Төрт бұрыштар жиналып, Бір пішінге құрылды. Үстел үсті ойыны. "Суретті құрастыр". (тіл дамыту және көркем әдебиет, құрастыру) Мақсат-міндеттері. Балалардың сөздік қорын заттардың сапасы мен қасиеттерін білдіретін, заттарды жалпы (ойыншықтар, киім, аяқ киім, ыдыс, жиһаз) және ерекше белгілері бойынша жалпылауыш сөздермен байыту; бөлшектерден тұтас бір бөлікті құрастыруға дағдыландыру;	«Өнегелі тәрбие». Еңбек тапсырмалары: «Ойыншықтар мен құралдар сөрелерінде тәртіп орнатайық». (қоршаған әлеммен таныстыру, еңбекке баулу) Заттардың атқаратын қызметтерін, пайдалану амалдарын түсінуге көмектесу; әр заттың өз орнын есте сақтап, қайта орнына қоюға үйрету; өзгеге көмек көрсету ниеттерін қолдау; ұқыптылыққа тәрбиелеу. «Ұлттық ойын - ұлт қазынасы» Қазақ халқының ұлттық ойыны. "Ұшты-ұшты". (дене тәрбиесі, қоршаған әлеммен таныстыру) Мақсат-міндеттері. Ересектердің сөзін тыңдау және түсінуге баулу, құстарды өзге ұшпайтыңобъектілерден ажыратуға ынталандыру. "Менің ойыншығым" ойыны. (тіл дамыту және көркем әдебиет, қоршаған әлеммен таныстыру) Мақсат-міндеттері. Балаларға әртүрлі ойыншықтармен ойындарды өз бетінше ойнауға үйрету; ересектермен диалог құру, берілген сұрақтарды тыңдау және толық жауап беруге ынталандыру; жағымды эмоцияларды дамыту. Балаларға қандай ойыншықты ойынға алғанын сұрау. Ойыншықпен не істеуге болатыны, ойыншық не істей алатынын сұрау.

	Ойыншықтар атауын қазақ тілінде дұрыс атау. - Енді, балалар, ойыншықты іздеп табыңдар. Көркем сөзді мәнерлеп оқу жаттығуы. (тіл дамыту және көркем әдебиет, қоршаған әлеммен таныстыру) Мақсат-міндеттері. Балаларды тақпақтар мен шағын өлеңдерді тақпақтар мен шағын өлеңдерді жатқа айтуға үйрету; табиғаттағы маусымдық өзгерістерге қызығушылықты дамыту. Қ. Шарғытбаев «Күзгі жапырақтар» Алтын, сары, қызыл, көк Алуан-алуан жапырақ Күзгі бақта күлімдеп, Көз тартады атырап.	әдебиет) Мақсат-міндеттері. Мәнерлі үзінділерді қайталауға, тақпақтар мен шағын өлеңдерді жатқа айтуға үйрету. "Торғай". Торғай, торғай тоқылдақ, Жерден бидай шоқып ап, Бөтегесі бұлтиып, Шиқ-шиқ етіп отырмақ. Торғай, торғай тоқтаған Торғайды торғай мақтаған. Бір торғай ұшса боранда, Бәрі жабылып жоқтаған	Қанат жайып, ұшады. Бұлттар құстай болмайды, (саусақпен бұлғау) Құстар бұлттай болмайды. Бұлттар құстай бұтаға (қолдарды қырынан қосып, саусақтармен бірге бұлғау, құстың ұшқанына еліктеу) Қанат жайып қонбайды. (саусақпен бұлғау) Д. Ахметова. Лото "Құстар" үстел ойыны. (тіл дамыту және көркем әдебиет, қазақ тілі) Мақсат-міндеттері. Құстарды топтастыруға және жалпы атауларын атауға дағдыландыру; зейінді, байқауды дамыту. Балалар берілген суреттерді топтастырады: үй және жабайы құстардың суреттері бойынша.	балалардың қабылдауын, байқағыштығын, ойлау қабілеттерін дамыту.	Ойыншықтың айтылған әрекетті қалай жасайтынын көрсететінін ұсыну.
Ертеңгілік жаттығу	"Қуыршақпен ойнаймыз". Бастапқы қалып тік тұру, аяқ алшақ, қуыршақ төменде. 1-2 қуыршақты алға ұстау, жоғары көтеру (3рет). 3-4 бастапқы қалып. Аяқ алшақ, қуыршақ алда. 1-2 денені оңға, солға бұру, бастапқы қалыпқа келу. Бастапқы қалып: қуыршақты кеудеде ұстау. 1-4 алға еңкею - "Қуыршақтар билейді". 5-6 бастапқы қалыпқа келу (3рет). Бастарқы қалып 1-2- отырып қуыршақты еденге қою. 3-4 тік тұру, Қуыршақпен оңға, солға айналу (2 реттен). (мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет, дене тәрбиесі)				
Таңғы ас	Тамақтану мәдениетін қалыптастыру: қасықты дұрыс ұстау, сорпаны төкпеу, нанды үгітпеу, майлықты дұрыс қолдану, тамақ ішкенде сөйлемеу. Мақсат-міндеттері. Өзін-өзі күту, тамақтану, мәдениетті қарым-қатынас негіздерін дамыту. Асты шашпай, төкпей іш, Сораптамай, баппен іш. Келген асты алдыңа Тауысып іш, қалдырма. Тәрбиеші балалардың үстел үстінде дұрыс отыруларын қадағалайды. (мәдени-гигиеналық дағдылар)				
Ұйымдастырылған іс-әрекетті өткізуге дайындық	«Менің Қазақстаным» - Қазақстан Республикасының әнұранын орындау. "Күй күмбірі": "Қоңыр қаз. Әсеттің әні" (орындаған Нұржан Нұрпейісов) https://kitap.kz/music/1/nurzhan-zhanpeyisovting-oryndauyndagy-nder «Өнегелі»: Менің армандарым және мақсаттарым. Тақырыбы: «Мен нені қалаймын?» Мақсаты: балалардың не қалайтындарын, не ұнататындарын, ол үшін не жасау керектігін анықтау.				
	"Артығын тап" дидактикалық ойыны. (тіл дамыту және көркем әдебиет) Мақсат-міндеттері. Әр мезгілдің ерекше белгілері туралы білімдерін, өз ойларын	Шаттық шеңбері. (тіл дамыту және көркем әдебиет) Мақсат-міндеттері. Балаларға эмоционалды жағымды көңіл күй мен ұйымдастырылған іс-әрекетке мотивациялық дайындықты	"Біздің жердің құстары" дидактикалық ойыны. (тіл дамыту және көркем әдебиет) Мақсат-міндеттері. Балалардың сөздік қорын заттардың ерекше белгілері бойынша жалпылауыш	"Жыл құстары мен қыстайтын құстарды ажырат" дидактикалық ойыны. (тіл дамыту және көркем әдебиет) Мақсат-міндеттері. Балалардың сөздік қорын ерекше белгілері бойынша	Көркем сөзді мәнерлеп оқу жаттығуы. (тіл дамыту және көркем әдебиет) Мақсат-міндеттері. Мәнерлі үзінділерді қайталауға, тақпақтар мен шағын өлеңдерді жатқа айтуға

	нақты жеткізе білу қабілеттерін нығайту; есту зейінін дамыту. Барысы: педагог мезгілді "Күз" деп атайды. Педагог жыл мезгілдерінің белгілерін тізбектейді (құстар жылы жаққа қарай ұшады, ағаштарда жапырақтар сарғаяды; үлпілдек ақ қар жауады). Балалар қосымша белгіні атайды және өз таңдауын түсіндіреді.	қалыптастыру, балаларға бір-бірімен сәлемдесуге мүмкіндік беру, ұжымда достыққа тәрбиелеу. Кел, достарым, келіңдер, Қолдарыңды беріңдер. Шаттық толы шеңберге, Қуанышпен еніңдер. Шақырамын сендерді, Жолдастарым, кел бері, Толтырайық шаттыққа, Дөңгеленген шеңберді.	сөздермен байыту (құстар). Балаларда біздің жерде қыстайтын және жыл құстары, олардың әдеттері, сыртқы түрі, қоректенуі, тіршілік ету ортасы туралы жалпылама түсінік қалыптастыру; құстарды сыртқы түріне қарай ажыратып, суреттерден табуды үйрету; туған жердің табиғатына сүйіспеншілікке тәрбиелеу.	жалпылауыш сөздермен байыту; құстар туралы білімдерін толықтыру; жыл құстары мен қыстайтын құстарды бір-бірінен ажырату іскерліктерін жетілдіру. Барысы: балаларға жыл құстары және қыстайтын құстар бейнеленген суреттер ұсынылады. Магниттің көмегімен жыл құстарын магниттік тақтаның бір жағына, ал қыстайтын құстарды екінші жағына жапсырады.	үйрету. "Торғай". Торғай, торғай тоқылдақ, Жерден бидай шоқып ап, Бөтегесі бұлтиып, Шиқ-шиқ етіп отырмақ. Торғай, торғай тоқтаған Торғайды торғай мақтаған. Бір торғай ұшса боранда, Бәрі жабылып жоқтаған
Балаларды қабылдау	Таңғы сүзгі: балалардың терісін, дене қызуын, сыртқы көрінісін тексеру. Балаларды жақсы көңіл күймен қарсы алу және оларға қолайлы жағдай жасау. Баланың көңіл күйін, оның жеке пікірін, қызығушылығын анықтау. (қарым-қатынас іс-әрекеті, музыка))	Таңғы сүзгі: балалардың терісін, дене қызуын, сыртқы көрінісін тексеру. Балаларды жақсы көңіл күймен қарсы алу және оларға қолайлы жағдай жасау. Баланың көңіл күйін, оның жеке пікірін, қызығушылығын анықтау. Нейрожаттығу ойынымен балаларды қабылдау. (қарым-қатынас іс-әрекеті)	Таңғы сүзгі: балалардың терісін, дене қызуын, сыртқы көрінісін тексеру. Балаларды жақсы көңіл күймен қарсы алу және оларға қолайлы жағдай жасау. Баланың көңіл күйін, оның жеке пікірін, қызығушылығын анықтау. Білім тақырыбында әуенді қосып қарсы алу.	Таңғы сүзгі: балалардың терісін, дене қызуын, сыртқы көрінісін тексеру. Балаларды жақсы көңіл күймен қарсы алу және оларға қолайлы жағдай жасау. Баланың көңіл күйін, оның жеке пікірін, қызығушылығын анықтау. Білім тақырыбында әуенді қосып қарсы алу.	Таңғы сүзгі: балалардың терісін, дене қызуын, сыртқы көрінісін тексеру. Балаларды жақсы көңіл күймен қарсы алу және оларға қолайлы жағдай жасау. Баланың көңіл күйін, оның жеке пікірін, қызығушылығын анықтау. «Күй күмбірі» Күймен балаларды қарсы алу.
Ата-аналармен немесе баланың басқа заңды өкілдерімен әңгімелесу, кеңес беру	"Әке мен атаның бала тәрбиесінде алатын орны" тақырыбында әңгімелесу.	Ата-аналар арасында педагогикалық білімді тарату, балаларды тәрбиелеуде ата-аналарға практикалық көмек беру.	Ата-аналарға кеңес. "Ұяда не көрсең, ұшқанда соны ілерсің" атты тақырыбында әңгімелесу.	"Сіздің балаңыз" тақырыбында әңгімелесу.	Балалар салған суреттеріден көрме ұйымдастыру.
Балалардың іс-әрекеті (ойын, танымдық, коммуникативтік, шығармашылық, эксперименталдық, еңбек, қимыл, бейнелеу, дербес және басқалары)	«Өнегелі тәрбие» Еңбек тапсырмалары: «Асханадағы көмекшілер». (еңбек дағдылары, дербес іс-әрекеті, қоршаған әлеммен таныстыру) Мақсат-міндеттері. Мүмкіндіктеріне қарай күтушіге көмек көрсетуді ұйымдастыру. Өзгенің еңбегінің нәтижесіне құрметпен қарауға тәрбиелеу, көмек көрсету ниеттерін қолдау. Балаларды тамақ ішерде табақша, қасықтарды қою, ішіп болғанда жинасу іскерліктерін жетілдіру. «Менің Қазақстаным» Қазақстан Республикасының Гимн орындауы. (музыка) Мақсат-міндеттер. Балаларды патриоттық тәрбиені қалыптастырады. "Мен кіммін? Бұл кім?" жаттығуы. (тіл дамыту және көркем әдебиет, қоршаған әлеммен таныстыру) Мақсат-міндеттері. "Мен" бейнесін, құрдастарын, өзін балалар қоғамының бір мүшесі ретінде сезінуге үйрету; ересектермен диалог құру, берілген сұрақтарды тыңдау және толық жауап беруге ынталандыру. Балаға өзі бала деп айтқызу. Атын, жасын айтқызу. Ойыншығын көрсеткізу, атату. Жанындағы баланың атын, онымен ойнайтынын айтқызу. "Сүйікті ертегілер" үстел үсті ойыны. (тіл дамыту және көркем әдебиет) Мақсат-міндеттері. Балаларға сөйлемдерді, мәтіндерді дұрыс құруға,	«Өнегелі тәрбие». Еңбек тапсырмалары: «Бөлме өсімдіктерін суару». (еңбек дағдылары, дербес іс-әрекеті, қоршаған әлеммен таныстыру) Мақсат-міндеттері. Бөлме өсімдіктерінің 2-3 түрін тану және атау (мысалы, фикус, аспидистра, бальзамин), өсімдік бөліктерін тану; қарапайым тапсырмаларды өздігінен (ересектің көмегімен) орындауға, өсімдіктерді (күнге жақын өсімдіктерге суды көбірек құйып, көлеңкеде өсетіндерге аздап құю, қажетіне қарай) суаруға баулу; қамқорлыққа, ұқыптылыққа тәрбиелеу. Саусақ жаттығуы. "Қолғап". (тіл дамыту және көркем әдебиет, қазақ тілі) Мақсат-міндеттері. Баланың сөздік қорын дамытуда, санамақтар, саусақ жаттығуларын,тақпақтар, жаңылтпаштарды жаттауға баулу. Қане, қолғапты киеміз, (алақандарды өзара уқалау) Бір қолды салып көреміз, (бір қолмен екіншіні сипау) Екінші сыңар қолғапты (екінші қолымен бірінші қолды сипау) Киіп алсақ жарап тұр. (алақандарын ары-бері қозғау) Дамытушы жаттығу. "Бауырсақтың жолы". Мақсат-міндеттері. Ертегі мазмұнын есте жаңғырту. Бауырсақтың үйінен шыққан жолын, жолда кездескен аңдарға дейін жүргізіп шығуды үйрету. Барысы. Әр баланың үстелінің басына "Бауырсақтың жолы" атты карточкалар, табақшаларда түсті боршалар	«Өнегелі тәрбие». Еңбек тапсырмалары: «Ойыншықтар мен құралдар сөрелерінде тәртіп орнатайық». (еңбек дағдылары, дербес іс-әрекеті, қоршаған әлеммен таныстыру) Мақсат-міндеттері. Қарапайым тапсырмаларды өздігінен орындауға, түрлі балалар әрекетіне қажетті материалдарды, құрал-жабдықтарды дайындауға, қолданып болған соң ойыншықтарды, заттарды орнына жинауға баулу. Заттардың атқаратын қызметтерін, пайдалану амалдарын түсінуге көмектесу; әр заттың өз орнын есте сақтап, қайта орнына қоюға үйрету; өзгеге көмек көрсету ниеттерін қолдау; ұқыптылыққа тәрбиелеу. "Гүлдердің атауын тап" дидактикалық ойыны. (тіл дамыту және көркем әдебиет) Мақсат-міндеттері. Гүлдердің атауларын атау біліктерін жетілдіру. Барысы: - Балалар, қазір біз "Гүлдердің атауын тап" дидактикалық ойынын ойнаймыз. Тақтадан көп гүлдердің суреттері көрсетіледі. Сол тақтадағы гүлдің атауын табуымыз керек. Кім бірінші тапса, сол бала қолын көтереді. Кім гүлді дұрыс атайды, сол бала жеңімпаз болады. Жеңген балаларға гүлдердің бейнесі бар таңбалауыштар үлестіріледі. Саусақ жаттығуы. "Қолғап". (тіл дамыту және көркем әдебиет, қазақ тілі) Мақсат-міндеттері. Баланың сөздік қорын дамытуда, санамақтар, саусақ жаттығуларын,тақпақтар,	«Өнегелі тәрбие» Еңбек тарсырмалары: Үстелдердің жанына орындықтарды қою. (еңбек дағдылары, дербес іс-әрекеті, қоршаған әлеммен таныстыру) Мақсат-міндеттері. Мүмкіндіктеріне қарай күтушіге көмек көрсетуді ұйымдастыру. Орындықтарды үстелдің алдына белгілі тәртіпте қою амалын игерту; балаларды еңбекке баулу, ересектерге көмектесуді үйрету. "Зоологиялық домино" үстел үсті ойыны. (қоршаған әлеммен таныстыру) Мақсат-міндеттері. Балалардың жабайы және үй жануарлары туралы білімдерін бекіту; зейіндерін тәрбиелеу. Ойын ережесі: кім өз суреттерін бірінші қойса, сол жеңімпаз болады. Ойын әрекеттері: зейінді болу, өз суретін уақытында қою, жүріс кезегін өткізіп алмау. (тіл дамыту және көркем әдебиет, танымдық дағдылар) Саусақ жаттығуы. (тіл дамыту және көркем әдебиет, қазақ тілі) Мақсат-міндеттері. Баланың сөздік қорын дамытуда, санамақтар, саусақ жаттығуларын,тақпақтар, жаңылтпаштарды жаттауға баулу. Қоян құлағын түріп (алақандарды бастың екі жағына тік тіреу, саусақтарды қозғалту, жыбырлату), Аңнан қашып жүреді (алақандарды бастың екі жағына тік тіреу, саусақтарды қозғалту, жыбырлату). Қашып шыққа жүгіріп (саусақтарды үстел басына кезекпен соққылау),	Ұлттық сезім күні «Өнегелі тәрбие». Еңбек тарсырмалары: Құрылыс материалдарын, үстел үсті ойындарды орнына қою. (еңбек дағдылары, дербес іс-әрекеті, қоршаған әлеммен таныстыру) Мақсат-міндеттері. Қарапайым тапсырмаларды өздігінен орындауға, түрлі балалар әрекетіне қажетті материалдарды, құрал-жабдықтарды дайындауға, қолданып болған соң ойыншықтарды, кітаптарды, заттарды орнына жинауға баулу. Кез келген жабдық пен құралдың орнын есте сақтауға көмектесу, ұқыптылыққа баулу. "Түрлі түсті жолақтар" дидактикалық ойын. Мақсат-міндеттері. Түстерді атауға, салыстыруға жаттықтыру; берілген тапсырманы орындауға ынталандыру; достық қарым-қатынас құруға тәрбиелеу. (тіл дамыту және көркем әдебиет), қазақ тілі, танымдық дағдылар) "Көңілді жаттығулар" ойын-жаттығуы. (математика негіздері, дене тәрбиесі) Өзінің дене мүшелерін бағдарлау және осыған байланысты өзіне қатысты кеңістік бағыттарын анықтау: үстінде-астында, алдында-артында, оң-сол. Өз дене мүшелеріне қызығушылықты арттыру. Зейінді, физикалық қасиеттерді дамыту. Педагог сөзбен айтылған, бірақ көрсетілмеген тапсырманы мұқият

	таныс мәтінді қайталауды үйрету, зейінді, есте сақтауды жаттықтыру.	үлестіріледі. Қағаз бетінің бір бұрышында Бауырсақ бейнесі, екінші бұрышта үй бейнесі бар тапсырма, Бауырсақтың жолында сол және оң жақта ертегі кейіпкерлері орналасқан. - Балалар, алдарыңда Бауырсақтың жолы жатыр. Жол ата мен әженің үйінен басталып, аңдардың қасынан өтеді. Қолдарыңа боршаларды алып, Бауырсақтың жолын бір аңнан екінші аңға дейін жүргізіп, төмен қарай жіберіңдер. Балалар қарындашпен үйден Бауырсаққа дейінгі сызықты үзбей жүргізіп отырады.	жаңылтпаштарды жаттауға баулу. Қане, қолғапты киеміз (алақандарды өзара уқалау), Бір қолды салып көреміз (бір қолмен екіншінісін сипау), Екінші жұп қолғапты (екінші қолымен бірінші қолды сипау) Киіп алсақ, жарап тұр (алақандармен ары-бері қозғау).	Аяқтарымен соғады (саусақтарды үстел басына тықылдату).	тыңдап, орындауды ұсынады: - Қол белде, басымызды жоғары көтеріп, төмен түсіреміз. - Екі қолды оң мен солға жаямыз, бастан жоғары көтеріп, шапалақтаймыз. - Қолдарды төмен түсіреміз, белге қоямыз; төмен отырамыз, қолды алға созамыз. - Орнымыздан тұрып, қолдармен алдыда бір шапалақ ұрып, артта да шапалақ ұрамыз.
Ертеңгілік жаттығу	Жалпы дамыту жаттығулары (жалаушалармен). (дене тәрбиесі, музыка, дербес әрекет) 1. Бастапқы қалып: аяқ алшақ, дене тік, қол төменде. 1.1. Балалар жалауларын оң жаққа сермеп, "Желбіре!" деген сөзді айтады. 1.2. Бастапқы қалып. 1.3. Балалар жалауларын сол жаққа сермеп, "Желбіре!" деген сөзді айтады. 1.2. Бастапқы қалып. 1.4. Бастапқы қалып (жаттығу 4-5 рет қайталанады). 2. Бастапқы қалып: аяқ арасы алшақ, дене тік, қол төменде. 2.1. Қолдарын жоғары көтеріп, жалауды сермеп "Жаса!" деген сөзді айтады. 2.2. Бастапқы қалып (жаттығу 4 рет қайталанады). 3. Бастапқы қалып: жерде отырады, аяқ арасы алшақ, жалаулар тізе үстінде. 3.1. Жерге шалқасынан жатып, жалауды жоғары желбіретіп "Тербе!" деген сөзді айтады. 3.2. Бастапқы қалып (жаттығу 3 рет қайталанады). 4. Бастапқы қалып: аяқты бірге ұстау, дене бос, қол төменде. 4.1. Жалауды көкірек тұсында ұстап, бір орында тұрып секіру. 4.2. Бастапқы қалып (жаттығу 3 рет қайталанады).			
Таңғы ас	(мәдени-гигиеналық дағдылар, қоршаған әлеммен таныстыру, тіл дамыту және көркем әдебиет) Күнделікті өмірде гигиеналық дағдыларды сақтау қажеттігін білу. Тамақтанар алдында қолды жуу, таңертең және кешке тісті тазалау дағдыларын қалыптастыру. Балаларды сыртқы келбетін бақылауға үйрету; сабынды дұрыс қолдануды (көпірту, мұқият шаю), қолды, бетті жууды, жуынғаннан кейін құрғатып сүртуді, орамалды орнына ілуді үйрету. Қуыршақ, қуыршақ, Таза суға жуынсақ. Қол ұстасып, дос болып, Бақ ішінде қыдырсақ. Үстел басында мәдениетті тамақтану дағдыларын қалыптастыру: ас қасық пен шәй қасықты, майлықты дұрыс қолдану; нанды үгітпеу, тамақты ауызды жауып, шайнау, ауызды толтырып сөйлемеу. Әдепті болуға тәрбиелеу (ас үшін алғыс білдіру, тазалық пен тиянақтылық қажеттілігі.) Асты шашпай, төкпей іш, Сораптамай, баппен іш. Келген асты алдыңа Тауысып іш, қалдырма. Осы сөздерден кейін балалар таңғы астарын ішеді. Тамақтану барысында тәрбиеші балалардың орындықта дұрыс отыруын қадағалайды. Бала орындықта дұрыс отырмаса, оның қасына келіп түзу отыру керектігін айтуға болады. «Үнемді пайдалану». Суды ағымын үнемді пайдалануға, суды төкпей, шашпай жуынуға, өзіне тиісті асты асықпай, ("обалыға") қалдырмай тамақтануға үйрету, тазалыққа, ұқыптылыққа тәрбиелеу.			
Ұйымдастырылған іс-әрекетті өткізуге дайындық	«Менің Қазақстаным» - Қазақстан Республикасының әнұранын орындау. "Күй күмбірі": "Арман" - Кенжебеке Күмісбеков (орындаған Мұрат Абылғазы) https://kitap.kz/music/2/murat-abugazynyng-oryndauyndagy-kuyler «Өнегелі»: Сыпайылық және әдеп. Тақырыбы: "Сыпайы болу деген не?" Мақсаты: қоршаған адамдармен, топтастармен, ересектермен сыпайы болудың үлгілерін көрсету, сыпайылықты білдіруге үйрету (амандасу, рақмет айту). Балалардың жалпы қабылданған ережелер мен нормаларды меңгеруіне ықпал ету. Балабақшада, үйде, көшеде тәртіп сақтауға баулу.				

	"Қайда орналасқан?" ойын жаттығуы. (тіл дамыту және көркем әдебиет) Мақсат-міндеттері. Сөздерді септелуіне қарай байланыстыру, зат есімдерді үстінде, астында, артында, жанында тәрізді көмекші сөздермен бірге қолдану, зат есімдерді жекеше, көпше түрде, етістіктерді келер және өткен шақта қолдану.	Таныс кейіпкерлердің суреттерін қарастыру. (тіл дамыту және көркем әдебиет) Мақсат-міндеттері. Ересектердің сөзін тыңдау және түсіну, сөйлеу әдебінің тиісті формаларын дұрыс қолдану, ересектермен диалог құру, берілген сұрақтарды тыңдау және толық жауап беру. Суреттерді балалармен бірге қарастыру, оларға суреттердің мазмұны туралы эмоционалды түрде айту, балалардың пікірлерін тыңдау. Оқылған шығармадан ең қызықты, мәнерлі үзінділерді қайталау, балаларға сөздер мен қарапайым сөз тіркестерін қайталап айтуға мүмкіндік беру.	"Тапсырманы орында" дидактикалық ойыны. (тіл дамыту және көркем әдебиет) Мақсат-міндеттері. Үлкен және аз заттарды ажыратуға жаттықтыру.	"Қайда орналасқан?" ойын жаттығуы. (тіл дамыту және көркем әдебиет) Мақсат-міндеттері. Сөздерді септелуіне қарай байланыстыру, зат есімдерді үстінде, астында, артында, жанында тәрізді көмекші сөздермен бірге қолдану, зат есімдерді жекеше, көпше түрде, етістіктерді келер және өткен шақта қолдану.	"Кім тез жүгіреді?" қимылды ойыны (дене тәрбиесі) Мақсат-міндеттері. Педагог балаларды екі топқа бөліп, бір сызыққа тұрғызып, белгіленген межеге дейін бастарын төмен түсірмей, аяқтары шалыныспай, аяқ-қол қимылын сәйкестендіріп, еркін жүгіру керектігін айтады. Педагог жүгірудің бір бағытта ғана болатынын балаларға түсіндіреді және қалай жүгіру керектігін тағы да естеріне салады. Екі топтағы балалардың қайсы ережеге сай және тез жүгіреді, сол топ жеңген болып есептеледі.
Кестеге сәйкес ҰІӘ	Дене тәрбиесі "Қоян секілді секірейік". Мақсат-міндеттері. Балаларды бірінің артынан бірі бастарын төмен түсірмей, шалынып кетпей, аяқ-қол қимылын бірге жасап, саппен еркін жүгіру дағдыларын дамыту; екі аяқтап басты затқа тигізе отырып, жоғары қарай 2-3 метр қашықтықта алға қарай жылжи отырып, тұрған жерінен ұзындыққа, 5-10 см биіктіктегі зат арқылы жерде жатқан жалпақ құрсауға секіру дағдыларын қалыптастыру. Музыка "Қоңыр аю қорбаңбай". Мақсат-міндеттері. Балалардың жаңа әнге қызығушылықтарын арттыру; әннің сөздік мазмұнын жатқа айтуды үйрету; музыка жетекшісімен ілесе ән айту қабілеті мен ырғақты сезіне білу қабілетін дамыту; әнді орындау кезінде дұрыс тыныс алу техникасына жаттықтыру; ырғақтық қимылдар мен би элементтерін музыкамен сәйкестендіре жасауға үйрету.		Дене тәрбиесі "Еркін жүгіреміз". Мақсат-міндеттері. Балаларда екі аяқтап басты затқа тигізе отырып, жоғары қарай 2-3 метр қашықтықта алға қарай жылжи отырып, тұрған жерінен ұзындыққа, 5-10 см биіктіктегі зат арқылы жерде жатқан жалпақ құрсауға секіру дағдыларын дамыту; сап түзеп шеңберге, шеңберден сапқа ауысу дағдыларын әрі қарай жетілдіру. "Кім тез жүгіреді?" қимылды ойыны. Мақсат-міндеттері. Бір қатарда еркін жүгіруді үйрету.	Қазақ тілі "Күзгі жаңбыр". Мақсат-міндеттері. Қазақ тілінде жаңбыр түрлерінің атауларын атауды үйрету; етістіктер мен көсемше, зат есімдердің көмегімен жаңбырдың жауғанын, жапырақтардың түсуін білдіретін сөз тіркесін құрауды үйрету.	Дене тәрбиесі "Бауырсақ әлемі". Мақсат-міндеттері. Балаларды бірінің артынан бірі бастарын төмен түсірмей, шалынып кетпей, аяқ-қолды бірге қозғалтып, сапта еркін жүгіруді үйрету; сапқа өз еріктерімен тұру қабілетін жетілдіру; қойылған заттардың арасымен "жылан" тәрізді еңбектеу дағдысына үйрету.
2-ші таңғы ас	Тағамның атауын есте сақтауға, тазалыққа бейімдеу. "Тәбетіміз ашылды, ас болсын!" (мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)				
Серуенге дайындық	(мәдени-гигиеналық дағдылар, қоршаған әлеммен таныстыру, дербес әрекет) Өзіне-өзі қызмет көрсетуге деген ұмтылысын қолдау: өз шкафын белгі бойынша тауып алуға, белгілі реттілікпен (жүйелі) киінуге және шешінуге үйрету; аяқ киімдер жұптарын дұрыс киюді үйрету; ересектің көмегіне жүгінуге, ересектің көмегімен немесе өз бетінше реттеуге баулу; ұқыптылыққа тәрбиелеу. Күн тәртібіне сәйкес балалардың күнделікті таза ауада болуын қамтамасыз ету. Ауа-райының жағдайын анықтау (суық, жылы). «Қауіпсіздік». Қауіпсіз мінез-құлық ережелерін сақтау туралы ескертулер: топта (терезенің алдына шықпау, розеткаларды ұстамау, баспалдақпен көтерілгенде және түскенде таяныштан ұстау), серуенде (отпен ойнамау, жолға шықпау), ұсақ заттармен ойындарда қауіпсіз әрекет ету дағдыларын қалыптастыру (оларды ауызға алмау, ұсақ заттарды құлаққа, мұрынға тықпау). Балалардың жалпы қабылданған ережелер мен нормаларды меңгеруіне ықпал ету. Балабақшада, үйде, көшеде тәртіп сақтауға баулу. Киінудің реті бар,				

	Колготтар, шұлық, шалбар. Аяқ-киімнің жабысқағын салу, Содан соң бас киім мен күртешені кию. Бауды байлау, сыдырманы салу, Дұрыс киінгенімізді тексеру. (Д. Ахметова)				
Серуен	Бағдарлау. Ойын алаңына экскурсия. (қоршаған әлеммен таныстыру, тіл дамыту және көркем әдебиет) Мақсат-міндеттері. Тілі және өлі құбылыстарына қызығушылықтарын қалыптастыру. Ауа-райының жағдайын анықтау (суық), табиғат құбылыстарын бақылау (маусымдық), бақылау күнтізбесінде жылдың күзгі мезгілдеріндегі ауа-райының жай-күйін белгілеу. Балаларды бағдарлау барысына басынан аяғына дейін зейін салып қатысуға бейімдеу; дүниетанымын кеңейту; өсімдіктер әлеміне қызығушылықтарын арттыру. Балаларға балабақша ғимаратын айналып өтіп, оның аумағында қандай өсімдіктер өсіп тұрғанын анықтауды ұсынады. Көркем сөз. С. Сейтхазин "Ағаш". Қала да орман, қыр да орман. Сонау алыс жылдардан Өзен бойы, жол бойы Орман, орман ырғалған. Қаптай өскен өңірді Орман қандай өмірлі! Нақтылау: қайсы ағаштар, қасы бұталар, қайсы гүлдер? Гүлзардың жанына тоқтап, ондағы гүлдерді қарастыру. Балалар өсімдіктердің жаз мезгілінде жасыл түсті болатынын аңғарады. Жасыл түс - фотосинтездің (хлорофилл) нәтижесінде пайда болатын құбылыс. «Өнегелі тәрбие», «Қауіпсіздік». Еңбек тапсырмалары: самалжайдағы орындықтарды тазалау. (еңбек дағдылары, қоршаған әлеммен таныстыру) Мақсат-міндеттері. Мүмкіндіктеріне қарай тәрбиешіге көмек көрсетуді ұйымдастыру. Өзгенің еңбегінің нәтижесіне құрметпен қарауға тәрбиелеу, көмек көрсету ниеттерін қолдау. Ұйымдастыруда қауіпсіздікті сақтау ережелерін қадағалау. "Үйректер мен аңшылар" қимыл-қозғалыс ойыны. (дене тәрбиесі) Мақсат-міндеттері. Қимылды ойындарға баулу, балаларды қарапайым	«Қауіпсіздік». Сауысқанды бақылау. (қоршаған әлеммен таныстыру, тіл дамыту және көркем әдебиет) Мақсат-міндеттері. Қазақстанды мекендейтін қыстайтын құстар жайлы түсініктерін қалыптастыру. Қауіпсіздік. Құстарды бақылауда қауіпсіздікті қадағалау, объектіге жақындатпау. Сауысқанның өзіндік ерекшеліктері мен белгілерін тануға ынталандыру. Балалар сауысқанның дыбыстарын тыңдап, сыртқы пішініне қарап, өзге құстарға ұқсамайтынын байқайды. "Сауысқан" Ала қанат сауысқан, Жауыр атқа жабысқан. Ойда жауыр көрінсе, Ойбайлатқан сауысқан. Қырда жауыр көрінсе, Қиқаңдатқан сауысқан. «Өнегелі тәрбие», «Қауіпсіздік». Еңбек тапсырмалары: құстарға белгілі жерде жем шашу. (еңбек дағдылары, қоршаған әлеммен таныстыру) Мақсат-міндеттері. Мүмкіндіктеріне қарай тәрбиешіге көмек көрсетуді ұйымдастыру. Заттар, ойыншықтарға ұқыптылықпен қарауға тәрбиелеу. Ұйымдастыруда құстарға жақындамауды, қауіпсіздікті сақтау ережелерін қадағалау. "Ұшады құстар біздің бақта" жаттығуы. (дене тәрбиесі, тіл дамыту және көркем әдебиет) Мақсат-міндеттері. Қимылды ойындарға баулу, балаларды қарапайым ережелерді сақтауға, қимылдарды үйлестіруге үйрету. Балаларды құстардың қимылдарына еліктеуге машықтандыру; құстар әлеміне қызығушылықты арттыру. Педагог балаларға құстардың ұшып-қонып жүргені туралы бейнежазбаларды алдын ала көрсетуі мүмкін. Қанаттарын жайып жан-жаққа, (аяқ ұштарына тұру, екі қолды жан-жақтан жоғары бірқалыпты көтеру) Ұшады құстар біздің бақта. (құстың ұшқанына еліктеу, қолдармен бұлғау) Солға ұшады, ұмтылып, (бір қолды сол жақта төменнен жоғары бірқалыпты көтеру) Оңға ұшады, ұмтылып. (екінші қолды оң жақта төменнен жоғары бірқалыпты	Ауа райы жағдайын бақылау. (қоршаған әлеммен таныстыру, тіл дамыту және көркем әдебиет) Мақсат-міндеттері. Өлі құбылыстарына қызығушылықтарын қалыптастыру. Ауа-райының жағдайын анықтау (суық), табиғат құбылыстарын бақылау (маусымдық), бақылау күнтізбесінде жылдың күзгі мезгілдеріндегі ауа-райының жай-күйін белгілеу "Бұлтқа" фонемо-ырғақты жаттығуы. Мақсат-міндеттері. Балаларды сөздердің ырғағына сай қимылдауға баулу; жаңбырға еліктеуге ынталандыру; артикуляцияны жаттықтыру. Ақсың, сұрсың, қарасың, Қайда қалқып барасың? Жерге нөсер төгемін, Өссін гүлдер, көп егін! Гүл-гүл жайнап өсер көк, Нөсерлетсең, нөсерлет! Еңбек әрекеті: құмсалғыштағы құмды қопсыту. Мақсат-міндеттері. Жұмысты тиянақты орындау, еңбексүйгіштікке тәрбиелеу. Жабдықтары: тырнауыштар, күрекшелер, қолғаптар. «Өнегелі тәрбие», «Қауіпсіздік». Еңбек тапсырмалары: ағаштардан түскен құрғақ, ұсақ өсімдіктерді жинау. (еңбек дағдылары, қоршаған әлеммен таныстыру) Мақсат-міндеттері. Мүмкіндіктеріне қарай аула сыпырушыға, тәрбиешіге көмек көрсетуді ұйымдастыру. Өзгенің еңбегінің нәтижесіне құрметпен қарауға тәрбиелеу, көмек көрсету ниеттерін қолдау. Ұйымдастыруда қауіпсіздікті сақтау ережелерін қадағалау. "Тауық қорасындағы түлкі" қимыл-қозғалыс ойыны. (дене тәрбиесі) Мақсат-міндеттері. Серуенде қимылды ойындар мен дене жаттығуларына қатысуға қызығушылықты арттыру. Қарапайым ережелерді сақтауға, қимылдарды үйлестіруге, кеңістікті бағдарлауға, "жүгір", "ұста" белгілеріне сәйкес әрекет етуге, жүгіруге үйрету. «Ұлттық ойын - ұлт қазынасы» Қазақ халқының ұлттық ойыны. «Қазан». (дене тәрбиесі)	Мысықты бақылау. (қоршаған әлеммен таныстыру, тіл дамыту және көркем әдебиет) Мақсат-міндеттері. Балалардың үй жануарлары, мысық жайлы білімдерін нақтылау, сипаттау мәтінін құрастыра білуге машықтандыру; есте сақтау қабілеттерін, байқампаздықтарын дамыту; жан-жануарларды тануға қызығушылыққа, оларға қамқорлық танытуға тәрбиелеу. Көркем сөз. Б. Соқпақбаев "Мысық". Үстінде үйдің Тұр еді мысық. Қасына келді Бір торғай ұшып. бассалмақ болып, Ыршыды мысық. Жалт берді торғай, Пыр етіп ұшып. Биіктен жерге Топ ете түсіп, Мысықтың қалды Жамбасы ісіп. «Өнегелі тәрбие», «Қауіпсіздік». Еңбек тапсырмалары: алаңдағы жолдары тазалау. (еңбек дағдылары, қоршаған әлеммен таныстыру) Мақсат-міндеттері. Мүмкіндіктеріне қарай аула сыпырушыға, тәрбиешіге көмек көрсетуді ұйымдастыру. Өзгенің еңбегінің нәтижесіне құрметпен қарауға тәрбиелеу, көмек көрсету ниеттерін қолдау. Ұйымдастыруда қауіпсіздікті сақтау ережелерін қадағалау. "Мысық пен тышқан" қимыл-қозғалыс ойыны. (дене тәрбиесі) Мақсат-міндеттері. Қимылды ойындарға баулу, балаларды қарапайым ережелерді сақтауға, қимылдарды үйлестіруге, кеңістікті бағдарлауға, ойын барысындағы белгі сөздерге сәйкес, қимыл түрлерін өзгерте отырып ойнауға үйрету. Зеректікке, шапшаңдыққа, жылдамдыққа, жылдам жүгіруге машықтандыру; шыдамдылыққа, ұйымшылдыққа тәрбиелеу. - Мысығымыз момақан, Жүреді аулада аңдамай.	«Қауіпсіздік». Жүргіншілерді бақылау. (қоршаған әлеммен таныстыру, тіл дамыту және көркем әдебиет) Мақсат-міндеттері. Балаларды көшеде жүрген жүргіншілерді бақылауға бейімдеу; ересек адамдар мен балалардың арасындағы ұқсастықтар, айырмашылықтарды анықтауға мүмкіндік жасау. «Өнегелі тәрбие», «Қауіпсіздік». Еңбек тапсырмалары: ойыншықтар мен жабдықтарды контейнерге жинау. (еңбек дағдылары, қоршаған әлеммен таныстыру) Мақсат-міндеттері. Мүмкіндіктеріне қарай тәрбиешіге көмек көрсетуді ұйымдастыру. Заттар, ойыншықтарға ұқыптылықпен қарауға тәрбиелеу. Ұйымдастыруда қауіпсіздікті сақтау ережелерін қадағалау. "Көлік пен торғайлар" қимылды ойыны. (дене тәрбиесі) Мақсат-міндеттері. Қимылды ойындарға баулу, балаларды қарапайым ережелерді сақтауға, қимылдарды үйлестіруге, кеңістікті бағдарлауға, ойындағы шарт белгілеріне сәйкес әрекет етуге үйрету. Ойын шартына сай қимылдауға дағдыландыру; ойын кейіпкерлеріне еліктей білуге бейімдеу; шапшаңдыққа, зеректікке, кеңістікті бағдарлауға баулу. Әр бала "торғай" болып орындықта отырады. Педагог "көлік" болады. Педагогтің белгісі бойынша "торғайлар" залдың ортасында кез келген бағытта жүгіріп ойнайды. Педагогтің "Көлік келе жатыр! Абай болыңдар!" деген белгісінен кейін балалар жүгіріп орындарына "ұяларына" бару керек. Ойын 4-5 айналымды құрайды. Құралдары: "көлікке" (бір-екі бала да болу мүмкін) руль; "торғайларға" таңбалауыштар. "Жолмен (жалғыз аяқ жолмен) жүрейік" ойыны. (дене тәрбиесі) Мақсат-міндеттері. Балалардың "жіңішке" жолмен, тепе-теңдікті сақтап жүру амалына дағдыландыру; мұқияттылыққа тәрбиелеу.

	ережелерді сақтауға, қимылдарды үйлестіруге, кеңістікті бағдарлауға, "жүгір", "ұста", "тұр" белгілеріне сәйкес әрекет етуге үйрету. Ұйымшылдыққа, зейінділікке тәрбиелеу, өз қимыл-қозғалысын басқару біліктіліктерін дамыту, балаларды допты қозғалмалы нысанға тигізуге жаттықтыру, көру қабілеттерін дамыту. «Аттар» қимыл-қозғалыс ойыны. (дене тәрбиесі) Мақсат-міндеттері. Қимылды ойындарға баулу, балаларды қарапайым ережелерді сақтауға, қимылдарды үйлестіруге, кеңістікті бағдарлауға, "жүгір", "тұр" белгілеріне сәйкес әрекет етуге үйрету; қимылдарды үйлестіруге үйрету. Балалардың дене қимылдарын, бұлшық еттерін жетілдіру; жүгіру, жүру және әртүрлі секіру түрлерін алмастыра білуді дамыту; ойын арқылы көңіл-күйлерін көтеру. Өз бетімен еркін ойын әрекеті, шығарылған материалмен алаңдағы ойындар. Мақсат-міндеттері. Қызығушылығы бойынша ойын таңдау мүмкіндігін қамтамасыз ету және құрдастарымен өзара әрекет ету біліктілігін дамыту.	көтеру) Біресе төмен түсіп, қонады бұтаққа, (төмен отыру) Біресе көкке самғайды, ұқсайды ұшаққа. (аяқтың ұшына тұру, екі қолды жан-жақтан жоғары бірқалыпты көтеру) (Д. Ахметова) "Кім жылдам?" ойын-жаттығуы. (дене тәрбиесі) Мақсат-міндеттері. Жүгіруді, секіруді, өрмелеуді пысықтау. "Сызықты баспа" қимыл жаттығуы. (дене тәрбиесі) Мақсат-міндеттері. Балаларды бір бағытта жылжи отырып, екі аяқпен сызықтан секіруге дағдыландыру. Балалардың секіру жолының бойына көлденең сызықтар салынады немесе жіптер төселінеді. Өз бетімен еркін ойын әрекеті, далаға алып шыққан материалмен алаңдағы ойындар. Мақсат-міндеттері. Қызығушылығы бойынша ойын таңдау мүмкіндігін қамтамасыз ету мен құрдастарымен өзара әрекет ету біліктерін қалыптастыру.	Мақсат-міндеттері. Балаларды қазақ ұлттық ойындарға бейімдеу, қарапайым ережелерді сақтауға, қимылдарды үйлестіруге, кеңістікті бағдарлауға ынталандыру; дәлдікке,ептілікке тәрбиелеу. Балалар көлденең тұрған нысанаға асықтарды (құм қапшықтарын) 3 метр қашықтықтан лақтырады. Қауіпсіздік. Ойында қауіпсіздік ережелерін қадағалау. "Шұңқырдан аттап секіріп өт" қимылды жаттығуы. (дене тәрбиесі) Мақсат-міндеттер. Балаларға тұрған орнынан ұзындыққа 40 сантиметр қашықтыққа секіруді үйрету; вестибуляр аппаратын, қимылдарды үлестіре білуді, күш-жігерін дамыту. Өз бетімен еркін ойын әрекеті, шығарылған материалмен алаңдағы ойындар. Мақсат-міндеттер: қызығушылығы бойынша ойын таңдау мүмкіншілігімен қамтамасыз ету мен құрдастарымен өзара әрекет ету біліктілігін дамыту.	Тышқан көрсе бассалады! Тышқанды кім құтқарады? Осы сөздерді айтып, балалар тоқтайды да "мысық" "тышқанды" қуалап кетеді. Балалар қол ұстасып, қолдарын жоғары көтеріп, "тышқан" үшін ұяға жол ашып беріп жатады. "Мысық" ұяға кіріп кетсе, ары қарай өткізбес үшін, қолдарды төмен түсіріп, жолды жауып қояды. "Тышқан" ұсталып қалса, кейіпкерді ауыстыруға болады. "Қапшықты кім алысқа лақтырады?" қимылды ойын-жаттығуы. (дене тәрбиесі) Мақсат-міндеттері. Балаларда белгі бойынша әрекет ету біліктіліктерін дамыту, оң және сол қолымен қапшықты алысқа лақтыруды, жүгіруді, түсті тануды жаттықтыру. Балалардың еркін ойындары. (дене тәрбиесі, қоршаған әлеммен таныстыру) Мақсат-міндеттері. Балалардың дербес қимыл белсенділігін дамыту. Арбалар, автомобильдер, доптармен немесе өзге ойыншықтармен өз бетінше ойнауға ынталандыру.	Тәрбиеші өзіне балаларды шақырады, суретті көрсетеді, жолдың қандай түзу екеніне назар аударады (аралығы 20-30см екі қатар сызық). Бұдан кейін балаларға, сызықтан шықпастан, осы жолдың бойымен қыдыруды ұсынады. Балалар бірінің артынан бірі бір бағытпен жүреді, сол тәртіппен қайта қайтады. «Ұлттық ойын - ұлт қазынасы» Қазақ халқының ұлттық ойыны. «Теңге ілу». (дене тәрбиесі) Мақсат-міндеттері. Балаларды қазақ ұлттық ойындарға бейімдеу, қарапайым ережелерді сақтауға, қимылдарды үйлестіруге, кеңістікті бағдарлауға ынталандыру; дәлдікке,ептілікке тәрбиелеу. Қауіпсіздік. Ойында қауіпсіздік ережелерін қадағалау. Балалардың еркін ойындары. (дене тәрбиесі, қоршаған әлеммен таныстыру) Мақсат-міндеттері. Балалардың дербес қимыл белсенділігін дамыту. Арбалар, автомобильдер, доптармен немесе өзге ойыншықтармен өз бетінше ойнауға ынталандыру.
Серуеннен оралу	(мәдени-гигиеналық дағдылар, қоршаған әлеммен таныстыру, тіл дамыту және көркем әдебиет) Дербестікті қалыптастыру: киіну, жуыну, тісін тазалау. Өзіне-өзі қызмет көрсетуге деген ұмтылысын қолдау: өз шкафын белгі бойынша тауып алуға, белгілі реттілікпен (жүйелі) киінуге және шешінуге, шкаф сөрелеріне киімдерін орналастыру; ұқыптылыққа, киіміндегі олқылықтарды байқауға, оларды ересектің көмегімен немесе өз бетінше реттеуге үйрету. Тамақтанар алдында (серуеннен оралғанда) қолды жуу, таңертең және кешке тісті тазалау дағдыларын қалыптастыру. Балаларды сыртқы келбетін бақылауға үйрету; сабынды дұрыс қолдануды, қолды, бетті жууды, жуынғаннан кейін құрғатып сүртуді, орамалды орнына ілуді, тарақты және қол орамалды пайдалануды үйрету. «Үнемді пайдалану». Суды ағымын үнемді пайдалануға, суды төкпей, шашпай жуынуға үйрету, тазалыққа, ұқыптылыққа тәрбиелеу.				
Түскі ас	(мәдени-гигиеналық дағдылар, қоршаған әлеммен таныстыру, тіл дамыту және көркем әдебиет) Күнделікті өмірде гигиеналық дағдыларды сақтау қажеттігін білу. Үстел басында мәдениетті тамақтану дағдыларын қалыптастыру: ас ішу құралдарын (ас қасық пен шәй қасықты, шанышқыны) орнымен қолдануға баулу, майлықты дұрыс қолдану; нанды үгітпеу, тамақты ауызды жауып, шайнау, ауызды толтырып сөйлемеу; әдепті болуға тәрбиелеу (ас үшін алғыс білдіру, тазалық пен тиянақтылық қажеттілігі.) Асты шашпай, төкпей іш, Сораптамай, баппен іш. Келген асты алдыңа Тауысып іш, қалдырма. Тамақтану барысында тәрбиеші балалардың орындықта дұрыс отыруын қадағалайды. «Үнемді пайдалану». Өзіне тиісті асты асықпай, ("обалыға") қалдырмай тамақтануға үйрету, тазалыққа, ұқыптылыққа тәрбиелеу.				
Күндізгі ұйқы	Балалардың тыныш ұйықтауына жайлы жағдай жасау. (мәдени-гигиеналық дағдылар)				
Ұйқыдан біртіндеп ояту, сауықтыру шаралары	(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет, дене тәрбиесі) Ересектің көмегімен шынықтыру тәсілдерін орындау дағдыларын қалыптастыру. Төсектегі жаттығулар. Ұйқыдан оянғанда төсектен бірден тұруға болмайды. Біртіндеп тұру қажет. Шынықтыру шараларын жүргізу, жаттығулар мен (мысалға, нүктелі) массаж жасау. Алақанға арналған "Кірпі" жаттығуы; тікенек допты алақанға салып айналдыру. Шынықтыру шараларын жүргізуде балалардың денсаулық жағдайын ескере отырып, жеке тәсілді жүзеге асыру. Балалардың денсаулығын және жергілікті жағдайларды ескере отырып, табиғи факторлар: ауаны пайдалана отырып, шынықтыру шараларының кешенін жүзеге асыру. Жалпақтабандықтың алдын алу мақсатында "денсаулық" жолдарымен жүру. Суық тиюге және тұмауға қарсы жаттығулар жасау арқылы балалардың денсаулығын нығайту, дене сымбатын жетілдіру, қимыл-қозғалыс дағдыларын дамыту.				

	Алған білімдерін бекітіп, мәдени-гигиеналық дағдыларын орындау.				
Бесін ас	Тамақтану мәдениетін қалыптастыру: қасықты дұрыс ұстау, сорпаны төкпеу, нанды үгітпеу, майлықты дұрыс қолдану, тамақ ішкенде сөйлемеу. (мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет, көркем сөз) Мақсат-міндеттері. Өзін-өзі күту, тамақтану, мәдениетті қарым-қатынас негіздерін дамыту. Асты шашпай, төкпей іш, Сораптамай, баппен іш. Келген асты алдыңа Тауысып іш, қалдырма. Тәрбиеші балалардың үстел үстінде дұрыс отыруларын қадағалайды.				
Балалардың дербес іс-әрекеті (қимылдық, ұлттық, сюжетті-рөлдік, үстел үсті-баспа және басқа ойындар), бейнелеу іс-әрекеті, кітап қарау және басқалары)	"Ойыншықтар" дүкені. Мақсат-міндеттер. Балаларды сатушы қызметінің ерекшеліктерімен таныстыру; ойыншық дүкені туралы білімдерін кеңейту; дүкендегі ойыншықтардың атауларын жатқа білуге үйрету; дүкендегі сыпайылық ережелері туралы түсінік беру. "Ойыншықтар" қимылды жаттығуы. «Ұлттық ойын - ұлт қазынасы» Қазақ халқының ұлттық ойындары. «Тақия тастамақ» ойыны. (дене тәрбиесі, қазақ тілі, қоршаған әлеммен таныстыру) Мақсат-міндеттер. Балалардың қимыл шапшаңдығы мен жылдамдығын дамыту, зейінділікке, ұйымшылдыққа, ойын ережесін сақтап ойнауға тәрбиелеу. Шарты. Ойынға бірнеше бала қатысады. Балалар шеңбер жасап отырады. Жүргізуші шеңбердің сыртын айнала жүгіріп жүріп, біреуінің артына тақияны білдіртпей тастап кетеді. Егер біреу сезіп қойса, жүргізушіні қуып жетуі керек. Жүргізуші қуған баланың орнына тұра қалуға тырысады. Жүргізушіге жете алмаған бала айыбын төлейді, өз өнерін көрсетеді.	Вариатив «Ұлттық ойын - ұлт қазынасы» Қазақ халқының ұлттық ойыны. «Соқыртеке» ойыны. (дене тәрбиесі, қазақ тілі, қоршаған әлеммен таныстыру) Мақсат-міндеттер. Балаларға кеңістікті бағдарлау, шапшаң қимылдауға, бір-біріне кедергі жасамауға дағдыландыру; түйсік, зейін қабілеттерін дамыту; ұйымшылдыққа, ойын ережелерін сақтап, ойынды әділ ойнауға тәрбиелеу. "Менің ойыншығым" ойыны. (қоршаған әлеммен таныстыру, тіл дамыту және көркем әдебиет) Мақсат-міндеттері. Балаларға әртүрлі ойыншықтармен ойындарды өз бетінше ойнауға үйрету; ересектермен диалог құру, берілген сұрақтарды тыңдау және толық жауап беруге ынталандыру; жағымды эмоцияларды дамыту. Балаларға қандай ойыншықты ойынға алғанын сұрау. Ойыншықпен не істеуге болатыны, ойыншық не істей алатынын сұрау. Ойыншықтың айтылған әрекетті қалай жасайтынын көрсететінін ұсыну.	Қоршаған ортамен танысудан ойын-жаттығулар "Аспаз". Мақсат-міндеттері. Балалардың аспаз еңбегі туралы ұғымдарын кеңейту; аспаз еңбегі туралы түсінік бере отырып, аспаз құралдарының аталуын жатқа айтуға үйрету. Дидактикалық ойын: "Тағам түрлерін ата". Мақсат-міндеттері. Тағам түрлерін қазақ тілінде дұрыс атауды үйрету. "Мен кіммін? Бұл кім?" жаттығуы. (қоршаған әлеммен таныстыру, тіл дамыту және көркем әдебиет) Мақсат-міндеттері. "Мен" бейнесін, құрдастарын, өзін балалар қоғамының бір мүшесі ретінде сезінуге үйрету; ересектермен диалог құру, берілген сұрақтарды тыңдау және толық жауап беруге ынталандыру. Балаға өзі бала деп айтқызу. Атын, жасын айтқызу. Ойыншығын көрсеткізу, ататы. Жанындағы баланың атын, онымен ойнайтынын айтқызу.	"Көңілді қоянның суретін тап" дидактикалық ойыны. (қоршаған әлеммен таныстыру, тіл дамыту және көркем әдебиет) Мақсат-міндеттері. Тақтадағы көңілді қоянның суретіне қарай отырып, жылдам тауып беру іскерліктерін жетілдіру. Барысы. Педагог балалардың назарын өзіне аударып: - Балалар, мен сендерге қояндардың бірнеше көңіл күйін өңтаңбамен (смайликтер) көрсетемін, соларға (смайликтер) мұқият қарап отырып, маған көңілді қоянның суретін тауып беріңдерші? Педагог еденге қояндардың бірнеше көңі күйін білдіретін өңтаңбаны (смайликтер) жайып береді. Балалар тақтадағы көңілді қоянның суретіне қарап отырып, жылдам тауып берулері тиіс. Педагог балалар қиналған жағдайда қоянға сипаттама береді. Жақсы қатысқан балаларға қоян бейнеленген таңбалауыштар үлестіріледі. "Әлемге саяхат" театрландырылған ойын. (тіл дамыту және көркем әдебиет) Мақсат-міндеттері. Өз мінез-құлқын ақтай білу, сенімі мен қиялын дамыту, балалардың білімін дамыту. Барысы: балаларға әлемді саяхаттау ұсынылады. Олар өздерінің жолдары қайда жатқанын анықтауы керек (шөл даламен, тау соқпағымен, батпақпен, орман, джунгли, кемемен мұхиттың арғы жағына. Мінез-құлқын соған сәйкес өзгертуі керек.	Тіл дамыту және көркем әдебиеттен ойын-жаттығулар. "Мақтаншақ қоян". Мақсат-міндеттері. Балаларды «Мақтаншақ қоян» ертегісінің мазмұнымен таныстыру және ертегі кейіпкерлерінің сөздерін мұқият тыңдай отырып, қайталап айтуды үйрету. "Гүлдер" имитациялық ойыны. (дене тәрбиесі, қоршаған әлеммен таныстыру) Мақсат-міндеттері. Ой-қиялды, ойлауды дамыту. Педагогтің айтуы бойынша қимылдарды жасауды үйрету. - Балалар, бәріміз гүлдер боламыз. Менің айтып отырған сөздерім бойынша қимылдарды жасайсыңдар. - Балалар «гүлдерге» айналады (тізелерін бүгіп отырып, бастары мен қолдарын тізелеріне қойып, көздерін жұмады). - Жерден кішкентай өскін өсіп шықты. Ол бойын күнге созып, баяу өсе бастады. Міне, гүлшанақ (бутон) пайда болды. - Гүл бір күлтесін ашты (оң қолдарын жоғары созады), сонан соң екінші күлтесін ашты (сол қолын екінші жаққа созады), тағы екі күлтесі ашылды (екі қолдарын төменнен жоғарыға қарай созады), міне, гүл ашылды. - Самал жел соқты, гүл желмен тербеле бастады. Ара ұшып келіп гүлге қонды. Педагог балалардың қимылдарды дұрыс жасауларын қадағалап отырады.
Балалармен жеке жұмыс	"Бауырсақ" ертегісі желісін драматизациялау. (тіл дамыту және көркем әдебиет) Мақсат-міндеттері. "Бауырсақ" ертегісінің желісін пысықтау, ертегі желісі бойынша барлық кейіпкерлерге ортақ сөздерді қайталап айтуға жаттықтыру; ертегі желісін драматизациялауды үйрету. Оқылған шығармадан ең қызықты, мәнерлі үзінділерді қайталау, балаларға	Артикуляциялық жаттығулар. (тіл дамыту және көркем әдебиет) Мақсат-міндеттері. Артикуляциялық жаттығу арқылы баланың сөйлеуін, тілін, дыбысты дұрыс дыбыстауын дамыту.	"Кім жылдам жүгіреді?" қимылды ойыны. (дене тәрбиесі) Педагог балаларды екі топқа бөліп, бір сызыққа тұрғызып, белгіленген межеге дейін бастарын төмен түсірмей, аяқтарына шалыныспай, аяқ-қол қимылын сәйкестендіріп, еркін жүгіру керектігін айтады. Педагог жүгірудің бір бағытта ғана болатынын балаларға түсіндіреді және қалай жүгіру керектігін тағы да естеріне салады. Екі топтағы	"Құырмаш" саусаққа арналған жаттығу. (қоршаған әлеммен таныстыру, тіл дамыту және көркем әдебиет) Мақсат-міндеттері. Балаларды қимылдарды жаттығу мәтінінің ырғағына сай орындауға дағдыландыру; қолдың ұсақ моторикасын, жағымды эмоцияларды дамыту. Қуыр-қуыр қуырмаш, Балаларға бидай шаш.	"Тиын", "Бақа" тақпағын жаттатқызу. (қоршаған әлеммен таныстыру, тіл дамыту және көркем әдебиет) Мақсат-міндеттері. Кітаптарға қызығушылықты ояту. Жаңа өлеңдерді тыңдай білуге үйрету. Балаларды тақпақтар мен шағын өлеңдерді жатқа айтуға үйрету. Бала тілін дамыту. Төлеу Шахановтың тақпақтары. "Тиын".

	сөздер мен қарапайым сөз тіркестерін қайталап айтуға мүмкіндік беру.		балалардың қайсы ережеге сай және жылдам жүгіреді, сол топ жеңген болып есептеледі.	Бас бармақ, Балаң үйрек, Ортан терек, Шылдыр шүмек, Кішкене бөбек. Сен тұр – қошақанға бар! Сен тұр – құлыншаққа бар! Сен тұр – лаққа бар! Сен тұр – бұзауқанға бар! Сен тұр – ботаңа бар! Ал сен алаңдамай, Қазан түбін жалап, үйде жат.	"Аңдып тұрған жау жоқ па?!"- Деп, қарайды ол жан-жаққа. Шыбын жаны тәтті ғой, Тәтті-ау бірақ жаңғақ та. "Бақа". Келсем көлге жақындап, Жағың тынбас бақылдап. Ауырмай ма таңдайың, Күні бойы тақылдап?!
Серуенге дайындық	(мәдени-гигиеналық дағдылар, қоршаған әлеммен таныстыру, дербес әрекет) Өзіне-өзі қызмет көрсетуге деген ұмтылысын қолдау: өз шкафын белгі бойынша тауып алуға, белгілі реттілікпен (жүйелі) киінуге және шешінуге үйрету; аяқ киімдер жұптарын дұрыс киюді үйрету; ересектің көмегіне жүгінуге, ересектің көмегімен немесе өз бетінше реттеуге баулу; ұқыптылыққа тәрбиелеу. Күн тәртібіне сәйкес балалардың күнделікті таза ауада болуын қамтамасыз ету. Ауа-райының жағдайын анықтау (суық, жылы). «Қауіпсіздік». Қауіпсіз мінез-құлық ережелерін сақтау туралы ескертулер: топта (терезенің алдына шықпау, розеткаларды ұстамау, баспалдақпен көтерілгенде және түскенде таянышпен ұстау), серуенде (отпен ойнамау, жолға шықпау), ұсақ заттармен ойындарда қауіпсіз әрекет ету дағдыларын қалыптастыру (оларды ауызға алмау, ұсақ заттарды құлаққа, мұрынға тықпау).				
Серуен	Аспанды, бұлттарды бақылау. (қоршаған әлеммен таныстыру, тіл дамыту және көркем әдебиет) Мақсат-міндеттері. Тірі және өлі табиғат нысандарын бақылау кезінде өз әсерлерімен бөлісуге, өз ойын айтуға үйрету. Қ. Мырза Әли "Аспанда". Аспан малға толып кетті - Бұлттар түлік болып кетті: Бір бұлт шықты ешкі болып, Бір бұлт шықты мешке болып. Бір бұлт шықты бие болып, Бір бұлт шықты түйе болып, Бір бұлт шықты шошқа болып, Бір бұлт шықты қошқар болып. "Ұшақтар" қимыл-қозғалыс ойыны. (дене тәрбиесі) Мақсат-міндеттері. Қимылды ойындарға баулу, кеңістікті бағдарлауға үйрету; ойында қарапайым ережелерді сақтауға, қимылдарды үйлестіруге үйрету. Балалардың бір-біріне кедергі келтірмей, әртүрлі бағытта жүгіруді үйрету; оларды белгіні мұқият тыңдауға және ауызша белгі бойынша қозғалысты бастауға үйрету. "Шұңқырдан аттап секіріп өт" қимылды жаттығуы. (дене тәрбиесі) Мақсат-міндеттер. Балаларға тұрған орнынан ұзындыққа 40 сантиметр қашықтыққа секіруді үйрету; вестибуляр аппаратын, қимылдарды үлестіре білуді, күш-жігерін дамыту. Өздік ойындар. (дене тәрбиесі, қоршаған әлеммен	«Экологиялық тәрбие», «Қауіпсіздік». Қарағашты бақылау. (қоршаған әлеммен таныстыру, тіл дамыту және көркем әдебиет) Мақсат-міндеттер. Туған өлкенің кейбір өсімдіктері туралы қарапайым түсініктерді қалыптастыру. Ағаштардың 2-3 түрін (қарағашты) тану және атау, өсімдік бөліктерін тану. Қауіпсіздік. Өсімдіктерді бақылауда қауіпсіздікті сақтауды қадағалау. Қарағашты неге солай атайды? Суық пен ыстықта ағаш неге солмайды? Қарағаштың діңдегі Әжемнің әжіміндей, Қарағаштың тамыры Тарайды өрімдей. Суық пен ыстыққа қарағашым-ай төзеді, Бұтақтарын жан-жаққа жайып өседі. "Шыда, шыда" - деседі ол жолаушыға, Көлеңкесін дарып, пана беріп сұраушыға. (Д. Ахметова) "Тауық қорасындағы түлкі" қимыл-қозғалыс ойыны. (дене тәрбиесі) Мақсат-міндеттері. Серуенде қимылды ойындар мен дене жаттығуларына қатысуға қызығушылықты арттыру. Қарапайым ережелерді сақтауға, қимылдарды үйлестіруге, кеңістікті бағдарлауға, "жүгір", "ұста" белгілеріне сәйкес әрекет етуге, жүгіруге үйрету. "Сызықты баспа" қимыл жаттығуы. (дене тәрбиесі) Мақсат-міндеттері. Балаларды бір бағытта жылжи отырып, екі аяқпен сызықтан секіруге дағдыландыру. Балалардың секіру жолының бойына көлденең сызықтар салынады немесе жіптер төселінеді.	Желді (жаңбырлы) күнді бақылау. (қоршаған әлеммен таныстыру, тіл дамыту және көркем әдебиет) Мақсат-міндеттері. Өлі құбылыстарына қызығушылықтарын қалыптастыру. Ауа-райының жағдайын анықтау (суық), табиғат құбылыстарын бақылау (маусымдық), бақылау күнтізбесінде жылдың күзгі мезгілдеріндегі ауа-райының жай-күйін белгілеу. Жұмбақ. Қанаты жоқ – ұшады, Аяғы жоқ – қонады. (Жел.) Тақпақ. Желдет, желдет! Баласын жылат, Жетіқара, дауылдат! Тайтерісін қалтырат, Өрісін құлат, Науа-астауын жылтырат! "Машиналар жүреді" қимылды ойыны. (дене тәрбиесі) Мақсат-міндеттер. Қимылды ойындарға баулу, кеңістікті бағдарлауға үйрету, қимыл түрлерін өзгерте отырып, ойындарға күрделі ережелерді енгізу. Балаларды қызыл, жасыл немесе сары түсті таңбалауыштардың біріне сәйкес қимылдарды жасауға үйрету; топтасып, бір-бірімен соғылмай жүре білу дағдыларын қалыптастыру; жағымды әсерлерге бөленуге тәрбиелеу. - жасыл таңбалауыш - қолға рульді ұстаған ұқсап, жан-жаққа бағыттап жүгіру; - сары таңбалауыш - орнында тоқтап, шапалақтау, - жасыл таңбалауыш - жерге шоқайып отыру. - Бағдаршамда жасыл шам - Жол ашық, машиналар.	«Қауіпсіздік». Құстарды кешкі уақытта бақылау. (қоршаған әлеммен таныстыру, тіл дамыту және көркем әдебиет) Мақсат-міндеттері. Қазақстанды мекендейтін қыстайтын құстар жайлы түсініктерін қалыптастыру. Тіршілігіне назар аудару. Қауіпсіздік. Құстарды бақылауда қауіпсіздікті қадағалау, объектіге жақындатпау. Шыр-шыр еткен торғайды Қорғамасаң, болмайды. Кіп-кішкентай торғайлар Ағаштарды қорғайды. Ж. Смақов "Құстар мен мысық" қимыл-қозғалыс ойыны. (дене тәрбиесі) Мақсат-міндеттері. Қимылды ойындарға баулу, балаларды қарапайым ережелерді сақтауға, қимылдарды үйлестіруге үйрету. Физикалық белсенділікті арттыру; педагогтің белгісі бойынша тез әрекет етуді жетілдіру. "Шұңқырдан аттап секіріп өт" қимылды жаттығуы. (дене тәрбиесі) Мақсат-міндеттер. Балаларға тұрған орнынан ұзындыққа 40 сантиметр қашықтыққа секіруді үйрету; вестибуляр аппаратын, қимылдарды үлестіре білуді, күш-жігерін дамыту. Өздік ойындар. (дене тәрбиесі, қоршаған әлеммен таныстыру) Мақсат-міндеттері. Балалардың дербес қимыл белсенділігін дамыту.	«Экологиялық тәрбие», «Қауіпсіздік». Жүргізушіні бақылау. (қоршаған әлеммен таныстыру, тіл дамыту және көркем әдебиет) Мақсат-міндеттері. Көлік құралдарының түрлерімен таныстыру. Балаларды ересектердің еңбегін бақылау негізінде ойын әрекетіне ынталандыру. Жол қауіпсіздігі жайында түсініктер беру. Көлікке мінсең, жолаушы, сөйлеме. Жүргізуші назарын ешқашанда бөлме. Ережені бұзба, тыныштықты сақта. Жүйрік көліктің бағытын бөгеме. (Д. Ахметова) "Түрлі түсті көліктер" қимыл-қозғалыс ойыны. (дене тәрбиесі) Мақсат-міндеттері. Серуенде қимылды ойындарға қызығушылықты арттыру. Заттар (рөлдер) арқылы дене белсенділігін дамыту; ережені сақтауға, кеңістікті бағдарлауға дағдыландыру. Құралдары: балалардың кеуделеріне ілінетін таңбалар (түрлі түсті машинар), рөлдер. "Сызықты баспа" қимыл жаттығуы. (дене тәрбиесі) Мақсат-міндеттері. Балаларды бір бағытта жылжи отырып, екі аяқпен сызықтан секіруге дағдыландыру. Балалардың секіру жолының бойына көлденең сызықтар салынады немесе жіптер төселінеді. Өздік ойындар. (дене тәрбиесі, қоршаған әлеммен таныстыру) Мақсат-міндеттері. Балалардың дербес

	таныстыру) Мақсат-міндеттері. Балалардың дербес қимыл белсенділігін дамыту. Арбалар, автомобильдер, велосипедтер, доптар, шарлармен немесе өзге ойыншықтармен өз бетінше ойнауға ынталандыру. «Өнегелі тәрбие», «Қауіпсіздік». Еңбек тапсырмалары: ойыншықтар мен жабдықтарды контейнерге жинау. (еңбек дағдылары, қоршаған әлеммен таныстыру) Мақсат-міндеттері. Мүмкіндіктеріне қарай тәрбиешіге көмек көрсетуді ұйымдастыру. Заттар, ойыншықтарға ұқыптылықпен қарауға тәрбиелеу. Ұйымдастыруда қауіпсіздікті сақтау ережелерін қадағалау.	Өздік ойындар. (дене тәрбиесі, қоршаған әлеммен таныстыру) Мақсат-міндеттері. Балалардың дербес қимыл белсенділігін дамыту. Арбалар, автомобильдер, велосипедтер, доптар, шарлармен немесе өзге ойыншықтармен өз бетінше ойнауға ынталандыру. «Өнегелі тәрбие», «Қауіпсіздік». Еңбек тапсырмалары: ойыншықтар мен жабдықтарды контейнерге жинау. (еңбек дағдылары, қоршаған әлеммен таныстыру) Мақсат-міндеттері. Мүмкіндіктеріне қарай тәрбиешіге көмек көрсетуді ұйымдастыру. Заттар, ойыншықтарға ұқыптылықпен қарауға тәрбиелеу. Ұйымдастыруда қауіпсіздікті сақтау ережелерін қадағалау.	Бағдаршамда сары шам - Шапалақта, балалар! Бағдаршамда қызыл шам - Тоқтасын машиналар. Өздік ойындар. (дене тәрбиесі, қоршаған әлеммен таныстыру) Мақсат-міндеттері. Балалардың дербес қимыл белсенділігін дамыту. Арбалар, автомобильдер, велосипедтер, доптар, шарлармен немесе өзге ойыншықтармен өз бетінше ойнауға ынталандыру. «Өнегелі тәрбие», «Қауіпсіздік». Еңбек тапсырмалары: ойыншықтар мен жабдықтарды контейнерге жинау. (еңбек дағдылары, қоршаған әлеммен таныстыру) Мақсат-міндеттері. Мүмкіндіктеріне қарай тәрбиешіге көмек көрсетуді ұйымдастыру. Заттар, ойыншықтарға ұқыптылықпен қарауға тәрбиелеу. Ұйымдастыруда қауіпсіздікті сақтау ережелерін қадағалау.	Арбалар, автомобильдер, велосипедтер, доптар, шарлармен немесе өзге ойыншықтармен өз бетінше ойнауға ынталандыру. «Өнегелі тәрбие», «Қауіпсіздік». Еңбек тапсырмалары: ойыншықтар мен жабдықтарды контейнерге жинау. (еңбек дағдылары, қоршаған әлеммен таныстыру) Мақсат-міндеттері. Мүмкіндіктеріне қарай тәрбиешіге көмек көрсетуді ұйымдастыру. Заттар, ойыншықтарға ұқыптылықпен қарауға тәрбиелеу. Ұйымдастыруда қауіпсіздікті сақтау ережелерін қадағалау.	қимыл белсенділігін дамыту. Арбалар, автомобильдер, велосипедтер, доптар, шарлармен немесе өзге ойыншықтармен өз бетінше ойнауға ынталандыру. «Өнегелі тәрбие», «Қауіпсіздік». Еңбек тапсырмалары: ойыншықтар мен жабдықтарды контейнерге жинау. (еңбек дағдылары, қоршаған әлеммен таныстыру) Мақсат-міндеттері. Мүмкіндіктеріне қарай тәрбиешіге көмек көрсетуді ұйымдастыру. Заттар, ойыншықтарға ұқыптылықпен қарауға тәрбиелеу. Ұйымдастыруда қауіпсіздікті сақтау ережелерін қадағалау.
Серуеннен оралу	(мәдени-гигиеналық дағдылар, қоршаған әлеммен таныстыру, тіл дамыту және көркем әдебиет) Дербестікті қалыптастыру: киіну, жуыну, тісін тазалау. Өзіне-өзі қызмет көрсетуге деген ұмтылысын қолдау: өз шкафын белгі бойынша тауып алуға, белгілі реттілікпен (жүйелі) киінуге және шешінуге, шкаф сөрелеріне киімдерін орналастыру; ұқыптылыққа, киіміндегі олқылықтарды байқауға, оларды ересектің көмегімен немесе өз бетінше реттеуге үйрету. Тамақтанар алдында (серуеннен оралғанда) қолды жуу, таңертең және кешке тісті тазалау дағдыларын қалыптастыру. Балаларды сыртқы келбетін бақылауға үйрету; сабынды дұрыс қолдануды, қолды, бетті жууды, жуынғаннан кейін құрғатып сүртуді, орамалды орнына ілуді, тарақты және қол орамалды пайдалануды үйрету. «Үнемді пайдалану». Суды ағымын үнемді пайдалануға, суды төкпей, шашпай жуынуға үйрету, тазалыққа, ұқыптылыққа тәрбиелеу.				
Кешкі ас	(мәдени-гигиеналық дағдылар, қоршаған әлеммен таныстыру, тіл дамыту және көркем әдебиет) Күнделікті өмірде гигиеналық дағдыларды сақтау қажеттігін білу. Тамақтанар алдында қолды жуу, таңертең және кешке тісті тазалау дағдыларын қалыптастыру. Балаларды сыртқы келбетін бақылауға үйрету; сабынды дұрыс қолдануды (көпірту, мұқият шаю), қолды, бетті жууды, жуынғаннан кейін құрғатып сүртуді, орамалды орнына ілуді үйрету. Үстел басында мәдениетті тамақтану дағдыларын қалыптастыру: ас қасық пен шәй қасықты, майлықты дұрыс қолдану; нанды үгітпеу, тамақты ауызды жауып, шайнау, ауызды толтырып сөйлемеу. Әдепті болуға тәрбиелеу (ас үшін алғыс білдіру, тазалық пен тиянақтылық қажеттілігі.) Асты шашпай, төкпей іш, Сораптамай, баппен іш. Келген асты алдыңа Тауысып іш, қалдырма. Тамақтану барысында тәрбиеші балалардың орындықта дұрыс отыруын қадағалайды. «Үнемді пайдалану». Суды ағымын үнемді пайдалануға, суды төкпей, шашпай жуынуға, өзіне тиісті асты асықпай, ("обалыға") қалдырмай тамақтануға үйрету, тазалыққа, ұқыптылыққа тәрбиелеу.				
Балалардың іс-әрекеті (ойын, танымдық, коммуникативтік, шығармашылық, эксперименталдық, еңбек, қимыл, бейнелеу, дербес және басқалары)				«Өнегелі тәрбие». Еңбек тапсырмалары: «Ойыншықтар мен құралдар сөрелерінде тәртіп орнатайық». (қоршаған әлеммен таныстыру, еңбекке баулу) Заттардың атқаратын қызметтерін, пайдалану амалдарын түсінуге көмектесу; әр заттың өз орнын есте сақтап, қайта орнына қоюға үйрету; өзгеге көмек көрсету ниеттерін қолдау; ұқыптылыққа тәрбиелеу. "Лото" үстел ойыны. Мақсат-міндеттер: балаларды заттарды топтауға баулу, зейінді, байқауды дамыту. Балалар суреттердің жалпы атаулары бойынша жинайды. Құралдары: ойыншықтар, киім, тамақ және т. б. заттық карточкалар мен топтастыруға арналаған панно-карточкалар. (танымдық дағдылар) "Ғажайып дорба" дидактикалық ойыны. (тіл дамыту және көркем әдебиет) Мақсат-міндеттер. Балалардың сөздік қорын ойындар мен ойын жаттығулары арқылы кеңейту, сөздік қорды заттардың сапасы мен қасиеттерін білдіретін, заттарды жалпы (ойыншықтар, киім, аяқ киім, ыдыс, жиһаз) сөздермен байыту. Құралдар. Дорба, түрді заттар немесе ойыншықтар. Баланың жауабына мысал: Бұл доп. Доп домалақ. Доптің түсі көк. Доп домалайды. Доп - бұл ойыншық. Саусақ жаттығуы. "Бесік жыры" (халық ауызынан) (тіл дамыту және көркем әдебиет, қазақ тілі) Мақсат-міндеттер. Дауысты және кейбір дауыссыз дыбыстарды анық айту, дыбыстардың артикуляциясын нақтылау және бекіту. Балаларды қимылдарды жаттығу мәтінінің ырғағына сай орындауға дағдыландыру; қолдың ұсақ моторикасын, жағымды эмоцияларды дамыту. "Бесік жыры". Әлди, әлди, ақ бөпем, Ақ бесікке жат, бөпем.	Ұлттық сезім күні «Өнегелі тәрбие». Еңбек тапсырмалары: «Ас ішуге дайындық». (қоршаған әлеммен таныстыру, өзіне-өзі құрмет көрсету) Мақсат-міндеттері. Қарапайым тапсырмаларды өздігінен орындауға, заттарды орнына жинауға баулу. Ас ішу құралдарын орнымен қолдануға (қасықтарды тарелка жанына салуға, сүлгі салғышты үстел ортасына қоюға) баулу. Өзгенің еңбегінің нәтижесіне құрметпен қарауға тәрбиелеу, көмек көрсету ниеттерін қолдау. Ритмикалық ойын. "Би билеген баламыз". Мақсат-міндеттер. Балаларды әуеннің ырғағына сай қимылдап, тақпақ сөздерін айтуға ынталандыру; түйсікті, эмоциялық сферaны дамыту. - Жаттығу жасап көреміз, (адымдау) Қолды көкке көтереміз, (қолдар жоғары) Түсіріп белге төмен, (қол белде) Еңкейеміз, еңкейеміз. (оң-сол жаққа еңкею) Өкше қойып, басамыз, (оң жақ өкше, адымдау) Өкше қойып, басамыз. (сол жақ өкше, адымдау) Міне, қандай әдемі, (қол белде, бас шайқау) Би билеген баламыз. (шапалақтау) (дене тәрбиесі, тіл дамыту және көркем әдебиет) "Не істеген? Енді не істейді?" дидактикалық ойыны. (тіл дамыту және көркем әдебиет) Мақсат-міндеттер. Етістіктерді келер және өткен шақта қолдану. Құралдар. Суреттер немесе ойыншықтар. - Қуыршақ төсекте жатыр. Қуыршақ не істеген? (Қуыршақ ұйықтаған.) Қуыршақ не істейді? (Қуыршақ ұйықтайды.) - Доп қорапта жатыр. Доп қорапта не істеген? (Доп қорапта жатты.) Доп қорапта не істейді? (Доп қорапта жатады.) - Машина жолда жүруде. Машина жолда не істеген? (Машина жолда жүрген.) Машина жолда не істейді? (Машина жолда жүреді.) Диалог осы тәртіпте жүреді.

				Жілік шағып берейін, Майын жесең, тоясың, Жылауыңды қоясың.	
Ертеңгілік жаттығу	Жалпы дамыту жаттығулары (сылдармақтармен). (дене тәрбиесі, музыка) 1. Бастапқы қалып аяқ алшақ, дене тік, қол төменде. 1.1. Балалар сылдырмақтарын жоғары көтеріп, екі қолымен сылдырлатады. 1.2. Бастапқы қалып (жаттығу 4-5 рет қайталанады). 2. Бастапқы қалып аяқ алшақ, дене тік, қол төменде. 2.1. Қолдарын оң жаққа жіберіп, сылдырмақтарды сылдырлатады. 2.2. Бастапқы қалыпқа келу. 2.3. Қолдарын сол жаққа жіберіп, сылдырмақтарды сылдырлатады. 2.4. Бастапқы қалып (жаттығу 4 рет қайталанады). 3. Бастапқы қалып жерде отырады, аяқ алшақ, сылдырмақ ұстаған қолдары екі жанында. 3.1. аяқтарын жинап, сылдырмақ ұстаған қолдарын жоғары көтеріп, сылдырлатады. 3.2. Бастапқы қалып (жаттығу 3 рет қайталанады). 4. Бастапқы қалып аяқ бірге, дене бос, қол төменде. 4.1. Сылдырмақтарын артында ұстап, бір орында тұрып секіру. 4.2. Бастапқы қалып (жаттығу 3 рет қайталанады).				
Таңғы ас	Гигиеналық дағдылар (мәдени-гигиеналық дағдылар, қоршаған әлеммен таныстыру, тіл дамыту және көркем әдебиет) Мәдени-гигиеналық дағдыларды жетілдіру, тамақтану, жуыну кезінде қарапайым мінез-құлық дағдыларын қалыптастыру. Балаларды сыртқы келбетін бақылауға үйрету; сабынды дұрыс қолдануды, қолды, бетті, құлақты тазалап жууды, жуынғаннан кейін құрғатып сүртуді, орамалды орнына ілуді, тарақты және қол орамалды пайдалануды үйрету. Қуыршақ, қуыршақ, Таза суға жуынсақ. Қол ұстасып, дос болып, Бақ ішінде қыдырсақ. Мақсат-міндеттер. Балаларды сыртқы келбетін бақылауға үйрету; сабынды дұрыс қолдануды, қолды, бетті, құлақты тазалап жууды, жуынғаннан кейін құрғатып сүртуді, орамалды орнына ілуді, тарақты және қол орамалды пайдалануды үйрету. Үстел басында мәдениетті тамақтану дағдыларын қалыптастыру: ас қасық пен шәй қасықты, шанышқыны, майлықты дұрыс қолдану; нанды үгітпеу, тамақты ауызды жауып, шайнау, ауызды толтырып сөйлемеу. Құралдар: сабын. Көркем сөз Микробтар қаскүнем, Көрмесем де білемін. Ішер кезде асты мен, Қолды жуып жүремін. (мәдени-гигиеналық дағдылар, көркем сөз)				
Ұйымдастырылған іс-әрекетті өткізуге дайындық	«Менің Қазақстаным» - Қазақстан Республикасының әнұранын орындау. "Күй күмбірі": "Мешін" -Төлеген Момбеков (орындаған Біләл Ысқақов) https://kitap.kz/music/2/bil-l-ysqaqtyng-oryndauyndagy-kuyler «Өнегелі»: Әдебиет және оқу. Тақырыбы: "Кітап оқу неге маңызды?" Мақсаты: балалардың ертегілерді кітаптан оқуларға, аудио жазбаларын тыңдауға, ересекпен қатынасқа қызығушылықтарын ояту.				
				Шаттық шеңбері (қоршаған әлеммен таныстыру, тіл дамыту және көркем әдебиет) Мақсат-міндеттер. Балаларда әлеуметтік және эмоционалды зиятты тәрбиелеу: балалардың назарын адамның жеке қасиеттеріне (мейірімді, жанашыр, қамқор, сезімтал) аудару, жақсы және жаман әрекеттерді дұрыс бағалау тәжірибесін қалыптастыру. Сөйлеу әдебінің тиісті формаларын дұрыс қолдануға үйрету. Балаларға эмоционалды жағымды ахуалда бір-бірімен сәлемдесуге мүмкіндік беру, достыққа тәрбиелеу. Жарық болсын күніміз, Жарқын болсын үніміз. Елін сүйіп ер жетер, Біз болашақ гүліміз.	Шаттық шеңбері (қоршаған әлеммен таныстыру, тіл дамыту және көркем әдебиет) Мақсат-міндеттер. Балаларда әлеуметтік және эмоционалды зиятты тәрбиелеу: балалардың назарын адамның жеке қасиеттеріне (мейірімді, жанашыр, қамқор, сезімтал) аудару, жақсы және жаман әрекеттерді дұрыс бағалау тәжірибесін қалыптастыру. Сөйлеу әдебінің тиісті формаларын дұрыс қолдануға үйрету. Балаларға эмоционалды жағымды ахуалда бір-бірімен сәлемдесуге мүмкіндік беру, достыққа тәрбиелеу. Кел, балалар, күлейік, Күлкіменен түлейік! Қабақ түйген не керек, Көңілді боп жүрейік! Кел, балалар, күлейік! Күлкіменен түлейік!

					Күлкі көңіл ашады, Күліп өмір сүрейік!
Кестеге сәйкес ҰІӘ				Қазақ тілі "Адамдардың көктемгі еңбегі" Мақсат-міндеттер. Балалардың қазақ тілінде сөйлеу қабілетін дамыту, сын есімдерді зат есіммен үйлестіруді үйрету; адамдардың көктемгі еңбегі, егістік алқабындағы жұмыстар жайында мәлімет беру, білімдерін бекіту. Жұмбақ шешу қабілеттерін, жаңылтпаштарды жаңылмай айта білу дағдыларын қалыптастыру. Суреттерге және жиі қайталанатын сөздерге сүйене отырып,тақырып бойынша қазақ тіліндегі ақпаратты қабылдай алу қабілеттерін дамыту; сөйлеу, ойлау, еске сақтау, жағымды көңіл күй таныта білу қабілеттерін дамыту. Ересек адамдардың еңбегін құрметтеу, өсімдіктерге және табиғатқа жанашырлық, қамқорлық сезімдеріне баулу.	Дене тәрбиесі "Өнерлі балалармыз". Мақсат-міндеттер. Балаларда өз бетінше сапқа тұру, шеңбердегі өз орнын табу дағдыларын қалыптастыру; тереңдікке (15–20 см биіктіктен) секіру дағдыларын қалыптастыру; балаларда алысқа лақтыру дағдыларын дамыту. Қимылдарды орындауда балалардың дербестігін, белсенділігі мен шығармашылығын дамыту. Қимылдарды белсенді орындауды дамыту және қимылдарды үйлестіруге баулу. Құрдастарымен қимылды ойындарды бірге ойнауға, қарапайым ережелерді сақтауға баулу. Жабдықтарды қолдануда қауіпсіздікті қамтамасыз ету.
2-ші таңғы ас	Тағамның атауын есте сақтауға, тазалыққа бейімдеу. "Тәбетіміз ашылды, ас болсын!" (мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)				
Серуенге дайындық	(мәдени-гигиеналық дағдылар, қоршаған әлеммен таныстыру, дербес әрекет) Өзіне-өзі қызмет көрсетуге деген ұмтылысын қолдау: өз шкафын белгі бойынша тауып алуға, белгілі реттілікпен (жүйелі) киінуге және шешінуге үйрету; аяқ киімдер жұптарын дұрыс киюді үйрету; ересектің көмегіне жүгінуге, ересектің көмегімен немесе өз бетінше реттеуге баулу; ұқыптылыққа тәрбиелеу. Күн тәртібіне сәйкес балалардың күнделікті таза ауада болуын қамтамасыз ету. Ауа-райының жағдайын анықтау (суық, жылы). «Қауіпсіздік». Қауіпсіз мінез-құлық ережелерін сақтау туралы ескертулер: топта (терезенің алдына шықпау, розеткаларды ұстамау, баспалдақпен көтерілгенде және түскенде таянышпен ұстау), серуенде (отпен ойнамау, жолға шықпау), ұсақ заттармен ойындарда қауіпсіз әрекет ету дағдыларын қалыптастыру (оларды ауызға алмау, ұсақ заттарды құлаққа, мұрынға тықпау). Балалардың жалпы қабылданған ережелер мен нормаларды меңгеруіне ықпал ету. Балабақшада, үйде, көшеде тәртіп сақтауға баулу.				
Серуен				«Өнегелі тәрбие». Аула сыпырушының жұмысын бақылау. (қоршаған әлеммен таныстыру, тіл дамыту және көркем әдебиет) Мақсат-міндеттері. Таныс мамандық иелерінің бірі, аула сыпырушыға құрметпен қарау, оның еңбек нәтижелеріне қамқорлық танытуды қолдау. Сөздік қорын байыту арқылы сөйлеу тілінің дамуына үлес қосу. Ересектермен диалог құру, берілген сұрақтарды тыңдау және толық жауап беруге үйрету. Аулашы шықса алаңға, Сырыпғыш түспейді қолынан. Қураған жапырақ, қоқысты Таба алмайсын оның жолынан Д. Ахметова «Өнегелі тәрбие». Ересек адамдармен бірге орындалатын қарапайым еңбек тапсырмалары: учаскедегі жолдарды тазарту. (еңбек дағдылары) Мақсат-міндеттер. Мүмкіндіктеріне қарай аула сыпырушыға, тәрбиешіге көмек көрсетуді ұйымдастыру. Өзгенің еңбегінің нәтижесіне құрметпен қарауға тәрбиелеу, көмек көрсету ниеттерін қолдау. Ұйымдастыруда қауіпсіздікті сақтау ережелерін қадағалау. «Ұлттық ойын - ұлт қазынасы». Қазақ халқының «Бәйге» ұлттық қимылды ойыны. (дене тәрбиесі) Мақсат-міндеттері. Қимылды ойындарға баулу, балаларды қарапайым ережелерді сақтауға, қимылдарды үйлестіруге, кеңістікті бағдарлауға, "жүгір", "тұр" белгілеріне сәйкес әрекет етуге үйрету.	«Экологиялық тәрбие». Теректі бақылау. (қоршаған әлеммен таныстыру, тіл дамыту және көркем әдебиет) Мақсат-міндеттері. Туған өлкенің кейбір өсімдіктері туралы қарапайым түсініктерді қалыптастыру. Ағаштардың 2-3 түрін (теректі) тану және атау, өсімдік бөліктерін (діндегін, бұтақтарын, бүршіктерін) тану. Қауіпсіздік. Өсімдіктерді бақылауда қауіпсіздікті сақтауды қадағалау. Терек, терек, Саған жылу керек. Күн жылуы бетіңе түссе, Жылтырайсың, Күн көзінде жарқылдайсың. Терек, терек, Саған су керек. Су тамырыңа жетсе, Ұзарасың, Көлеңкеңді таратасың. (Д. Ахметова) «Өнегелі тәрбие». Ересек адамдармен бірге орындалатын қарапайым еңбек тапсырмалары: балаларды жерге түсіп қалған ұсақ, құрғақ өсімдік қоқыстарын қорапқа жинау. (қоршаған әлеммен таныстыру, еңбек дағдылары) Мақсат-міндеттер. Мүмкіндіктеріне қарай тәрбиешіге көмек көрсетуді ұйымдастыру. Өзгенің еңбегінің нәтижесіне құрметпен қарауға тәрбиелеу, көмек көрсету ниеттерін қолдау; заттарды жинауға баулу. Ұйымдастыруда қауіпсіздікті сақтау ережелерін қадағалау «Ұлттық ойын - ұлт қазынасы» Қазақ халқының ұлттық ойыны. «Қыз қуу». (дене тәрбиесі)

				"Қоймадағы тышқандар" қимыл-қозғалыс ойыны. (дене тәрбиесі) Мақсат-міндеттер. Қимылды ойындарға баулу, балаларды қарапайым ережелерді сақтауға, қимылдарды үйлестіруге, кеңістікті бағдарлауға, ("Мяу!") белгі сөзге сәйкес әрекет етуге үйрету; қимыл түрлерін өзгерте отырып, ойындарға күрделі ережелерді енгізу.Ептілікті, жылдамдықты дамыту. Қауіпсіздікті қадағалау. "Кегльді қағып ал" қимылды жаттығуы. (физическое воспитание) Мақсат-міндеттер. 1,5–2 метр қашықтықтан допты бір қақпаға домалатуға жаттықтыру. Дәлдікке,ептілікке тәрбиелеу.	Мақсат-міндеттері. Балаларды қазақ ұлттық ойындарға бейімдеу; "жүгір", "ұста" белгілеріне сәйкес әрекет етуге үйрету, қарапайым ережелерді сақтауға, кеңістікті бағдарлауға ынталандыру; жылдамдыққа, ептілікке тәрбиелеу. Ойында қауіпсіздік ережелерін қадағалау. "Көпірден өт" қимылды жаттығуы. (дене тәрбиесі) Мақсат-міндеттер. Бір-бірінен 10 сантиметр қашықтықта орналасқан тақтайшалардың бойымен жүруді жетілдіру. Тепе-теңдікті сақтау, қимылдарды үлестіру. Өзіндік еркін ойын әрекеттері, қозғалыстарды дамыту: ұзын арқаннан секіруді жақсарту. (дене тәрбиесі)
Серуеннен оралу	(мәдени-гигиеналық дағдылар, қоршаған әлеммен таныстыру, тіл дамыту және көркем әдебиет) Дербестікті қалыптастыру: киіну, жуыну, тісін тазалау. Өзіне-өзі қызмет көрсетуге деген ұмтылысын қолдау: өз шкафын белгі бойынша тауып алып, белгілі реттілікпен (жүйелі) киінуді және шешінуді, шкаф сөрелеріне киімдерін орналастыруді жетілдіру; ұқыптылыққа, киіміндегі олқылықтарды байқауға, оларды ересектің көмегімен немесе өз бетінше реттеуге баулу. Тамақтанар алдында (серуеннен оралғанда) қолды жуу, таңертең және кешке тісті тазалау дағдыларын жетілдіру. Балаларды сыртқы келбетін бақылауға үйрету; сабынды дұрыс қолдануды, қолды, бетті жууды, жуынғаннан кейін құрғатып сүртуді, орамалды орнына ілуді, тарақты және қол орамалды пайдалануды үйретуды жалғастыру. «Үнемді пайдалану». Суды ағымын үнемді пайдалануға, суды төкпей, шашпай жуынуға үйрету, тазалыққа, ұқыптылыққа тәрбиелеу.				
Түскі ас	(мәдени-гигиеналық дағдылар, қоршаған әлеммен таныстыру, тіл дамыту және көркем әдебиет) Күнделікті өмірде гигиеналық дағдыларды сақтау қажеттігін білу. Үстел басында мәдениетті тамақтану дағдыларын бекіту: ас ішу құралдарын (ас қасық пен шәй қасықты, шанышқыны) орнымен қолдануға баулу, майлықты дұрыс қолдану; нанды үгітпеу, тамақты ауызды жауып, шайнау, ауызды толтырып сөйлемеу. Айтшы, әжем, Дайын ба көжең? Еті пісті ме? Сорпасы қою ма? Жармасы ұсақ па? Картопы жұмсақ па? Картопты жеймін, Сорпасын ішемін, Түгелін тауысамын, "Рақмет" айтамын. (Д. Ахметова) Тамақтану барысында тәрбиеші балалардың орындықта дұрыс отыруын қадағалайды. «Үнемді пайдалану». Өзіне тиісті асты асықпай, ("обалыға") қалдырмай тамақтануға үйрету, тазалыққа, ұқыптылыққа тәрбиелеу.				
Күндізгі ұйқы				Киімдерін ұқыпты орындыққа іліп (немесе арнайы сөреге) қоюды үйренеді. Аудио тыңдау. Ж.Байырбекваның «Бесік жыры» әні (музыка)	Киімдерін ұқыпты орындыққа іліп (немесе арнайы сөреге) қоюды үйренеді. «Достық» ертегісін оқып беріп, балаларды ұйықтату. (тіл дамыту және көркем әдебиет)
Ұйқыдан біртіндеп ояту, сауықтыру шаралары	(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет, дене тәрбиесі) Ересектің көмегімен шынықтыру тәсілдерін орындау дағдыларын қалыптастыру. "Ұйқыдан тұрғаннан кейін, төсекте жатып бірден жаттығу жасау; төсектерінен тұрып, көрпелерін кері лақтырмай жатып жатқан күйінде балалар жалпы дамыту жаттығуларының аз мөлшерін орындайды; 2-3 минут төсекте жатқан гимнастика балалардың ұйқыдан ояну күйіне біртіндеп ауысуына бағытталған. Оянған балалармен өткізген дұрыс, қалғандары оянған кезде қосылады. Жалпақтабандықтың алдын алу мақсатында денсаулық жолдарымен жүру."				
Бесін ас	Алдына қойған асқа назар аударту; дастарқан басында отыру мәдениеті, тамақтану мәдениетіне баулуға бағытталған жеке-дара жұмыс; этикет ережелері. (мәдени-гигиеналық дағдылар)				
Балалардың дербес іс-әрекеті (қимылдық, ұлттық, сюжетті-рөлдік, үстел үсті-баспа және басқа ойындар), бейнелеу іс-				Сурет салу техникасын жетілдіру жаттығулары. (сурет салу) Мақсат-міндеттер. Қазақ ою-өрнектерінің (балаларға таныс) қарапайым элементтерін қайталап салуға, қызыл, сары, жасыл, көк, қара түстерді қолдануға баулу. Сурет салу кезінде қарындашты (қылқаламды) қатты қыспай, дұрыс ұстауды үйретуді жалғастыру. Сурет салуда қауіпсіздікті сақтауға, ұқыптылыққа баулу; сурет салу	Сюжетті-рөлді ойын. «Қоянға арналған шаш қию». (тіл дамыту және көркем әдебиет, қазақ тілі, қоршаған әлеммен таныстыру) Мақсаты: балалардың ойын атрибуттарын өз бетінше таңдауға деген ұмтылысына ықпал ету. Рөлдік мінез-құлықтың бастапқы дағдыларын қалыптастыру. Материал және жабдық: шаштараз ойнауға арналған құралдар, қоян ойыншығы.

әрекеті, кітап қарау және басқалары)				ережелерін сақтауды қадағалау. Сюжетті-рөлді ойын. «Дана қуыршағын тамақтандыру». (тіл дамыту және көркем әдебиет, қазақ тілі, қоршаған әлеммен таныстыру) Мақсаты: балалардың ыдыс-аяқ туралы білімдерін бекіту, балалардың сөйлеуін белсендіру, тамақтану кезінде мінез-құлық мәдениетіне тәрбиелеу, қуыршаққа қамқорлық жасау. Материал және жабдық: Дана қуыршағы, ойын бұрышындағы ыдыс-аяқ жиынтығы. Ойын барысы: Ойын бұрышында өтеді. Тәрбиеші түскі ас кезінде қандай ыдыс-аяқ қолданылатынын көрсетеді және айтады (сорпаға арналған терең табақтар, екіншісіне таяз, қасық, шанышқы, шыныаяқ және т.б., үстелге қалай қойылғанын, түскі ас кезінде мінез-құлық ережелерін, ас құралдарын қалай пайдалану керектігін көрсетеді. Балаларға қуыршақты түскі аспен тамақтандыруды ұсынады. "Көңілді жаттығулар" ойын-жаттығуы. (математика негіздері, дене тәрбиесі) Өзінің дене мүшелерін бағдарлау және осыған байланысты өзіне қатысты кеңістік бағыттарын анықтау: үстінде-астында, алдында-артында, оң-сол. Өз дене мүшелеріне қызығушылықты арттыру. Зейінді, физикалық қасиеттерді дамыту. Педагог сөзбен айтылған, бірақ көрсетілмеген тапсырманы мұқият тыңдап, орындауды ұсынады: - Қол белде, басымызды жоғары көтеріп, төмен түсіреміз. - Екі қолды оң мен солға жаямыз, бастан жоғары көтеріп, шапалақтаймыз. - Қолдарды төмен түсіреміз, белге қоямыз; төмен отырамыз, қолды алға созамыз. - Орнымыздан тұрып, қолдармен алдыда бір шапалақ ұрып, артта да шапалақ ұрамыз.	Ойын барысы: Тәрбиеші балалардан шеберді таңдап, оған қояның шашын қиюға келгенін айтады. Әрі қарай, тәрбиеші ойынды бақылайды және оны басқарады. "Менің ойыншығым" ойыны. (тіл дамыту және көркем әдебиет, қоршаған әлеммен таныстыру) Мақсат-міндеттері. Балаларға әртүрлі ойыншықтармен ойындарды өз бетінше ойнауға үйрету; ересектермен диалог құру, берілген сұрақтарды тыңдау және толық жауап беруге ынталандыру; жағымды эмоцияларды дамыту. Балаларға қандай ойыншықты ойынға алғанын сұрау. Ойыншықпен не істеуге болатыны, ойыншық не істей алатынын сұрау. Ойыншықтың айтылған әрекетті қалай жасайтынын көрсететінін ұсыну. Ұсақ және ірі бөлшектерден құрылыс ойындары. Балалардың өз қалаулары бойынша. (құрастыру, қоршаған әлеммен таныстыру) Мақсат-міндеттер. Құрастырылатын құрылысты қарапайым сызбаларға, суреттегі үлгісіне қарап және ойдан құрастыруға ынталандыру. Ұжымдық құрылыс жасауға баулу, алдын ала келісе отырып, құрылыс бөліктерін жеке дайындауға үйрету. Құрастыруда бөлшектерді орналастыру және кірпіштерді қалау, пластиналарды тік бағытта және көлденең орналастыру тәсілдерін бекіту. Сюжетті ойыншықтарды қолданып ойнату. Материалдарға ұқыптылықпен қарауға тәрбиелеу. Балаларды әдепті қарым-қатынасқа үйретуді жалғастыру.
Балалармен жеке жұмыс				"Көркем әдебиет шығармаларын оқу. (тіл дамыту және көркем әдебиет) Мақсат-міндеттер. Жаңа ертегілерді тыңдай білуге, олардың мазмұнындағы әрекеттердің дамуын бақылауға тәрбиелеу. Балалармен кейіпкерлердің әрекеттері мен олардың әрекеттерінің салдарын талқылау	Сөздік жаттығуы. "Төлдерін ата". (тіл дамыту және көркем әдебиет, қазақ тілі, қоршаған әлеммен таныстыру) Бір үстелде отырған балалар жұбына, екі жабайы аңның енелері мен төлдері бар екі жұп суреттері араластырылып ұсынылады. Үстел басында отырған бала кез келген жабайы аңның енесі мен төлінің жұбын құрастырады. Жұп құрастырылғаннан кейін, әрбір бала жабайы аңды және төлін айтады.
Серуенге дайындық	(мәдени-гигиеналық дағдылар, қоршаған әлеммен таныстыру, дербес әрекет) Өзіне-өзі қызмет көрсетуге деген ұмтылысын қолдау: өз шкафын белгі бойынша тауып алуға, белгілі реттілікпен (жүйелі) киінуге және шешінуге үйрету; аяқ киімдер жұптарын дұрыс киюді үйрету; ересектің көмегіне жүгінуге, ересектің көмегімен немесе өз бетінше реттеуге баулу; ұқыптылыққа тәрбиелеу. Күн тәртібіне сәйкес балалардың күнделікті таза ауада болуын қамтамасыз ету. Ауа-райының жағдайын анықтау (суық, жылы). «Қауіпсіздік». Қауіпсіз мінез-құлық ережелерін сақтау туралы ескертулер: топта (терезенің алдына шықпау, розеткаларды ұстамау, баспалдақпен көтерілгенде және түскенде таянышпен ұстау), серуенде (отпен ойнамау, жолға шықпау), ұсақ заттармен ойындарда қауіпсіз әрекет ету дағдыларын қалыптастыру (оларды ауызға алмау, ұсақ заттарды құлаққа, мұрынға тықпау).				
Серуен				«Қауіпсіздік». Құстарды кешкі уақытта бақылау. (қоршаған әлеммен таныстыру, тіл дамыту және көркем әдебиет) Мақсат-міндеттері. Қазақстанды мекендейтін қыстайтын құстар жайлы түсініктерін қалыптастыру; дыбыстарын ажыратуға ынталандыру (торғай, сауысқан, көгершін, қарға). Тіршілігіне назар аудару. Тірі және өлі табиғат нысандарын бақылау кезінде	«Экологиялық тәрбие». Қайыңды бақылау. (қоршаған әлеммен таныстыру, тіл дамыту және көркем әдебиет) Мақсат-міндеттері. Мақсат-міндеттері. Туған өлкенің кейбір өсімдіктері туралы қарапайым түсініктерді қалыптастыру. Ағаштардың 2-3 түрін (аққайыңды) тану және атау, өсімдік бөліктерін (діндегін, бұтақтарын, бүршіктерін) тану. Қауіпсіздік. Өсімдіктерді бақылауда қауіпсіздікті сақтауды

				балаларды алған әсерлерімен бөлісуге, өз ойын айтуға үйрету. Құстарды бақылауда қауіпсіздікті қадағалау, объектіге жақындатпау. Шыр-шыр еткен торғайды Қорғамасаң, болмайды. Кіп-кішкентай торғайлар Ағаштарды қорғайды. Ж. Смақов "Мысық пен тышқан" қимыл-қозғалыс ойыны. (дене тәрбиесі) Мақсат-міндеттері. Қимылды ойындарға баулу, балаларды қарапайым ережелерді сақтауға, қимылдарды үйлестіруге, кеңістікті бағдарлауға, "ұста" белгісіне сәйкес әрекет етуге үйрету, қимыл түрлерін өзгерте отырып, ойындарға күрделі ережелерді енгізу. Жылдамдыққа, шапшаңдыққа тәрбиелеу. Ойында қауіпсіздік ережелерін қадағалау. "Допты қағып ал" қимылды жаттығуы. (дене тәрбиесі) Мақсат-міндеттер. Педагог лақтырған допты қағып алуға үйрету. Қимылдарды үйлестіруге, епті, шапшаң болуға баулу. Өздік ойындар. (дене тәрбиесі, қоршаған әлеммен таныстыру) Мақсат-міндеттері. Балалардың дербес қимыл белсенділігін дамыту. Серуенге шығарылған ойыншықтармен өз бетінше ойнауға ынталандыру. «Өнегелі тәрбие». Еңбек тапсырмалары: ойыншықтар мен жабдықтарды контейнерге жинау. (еңбек дағдылары, қоршаған әлеммен таныстыру) Мақсат-міндеттері. Мүмкіндіктеріне қарай тәрбиешіге көмек көрсетуді ұйымдастыру. Заттар, ойыншықтарға ұқыптылықпен қарауға тәрбиелеу. Ұйымдастыруда қауіпсіздікті сақтау ережелерін қадағалау.	қадағалау. "Айналайын, аққайың" (Д. Ахметова) Айналайын, аққайың, Еңкейесің жел соққан сайын, Аппақсың, Нәзіксің, Жіңішкесің, Биіксің. Аянбайсың, Қуаныш сыйлайсың Саған қолын созған адамға, Құс пен аңға. "Қоймадағы тышқандар" қимыл-қозғалыс ойыны. (дене тәрбиесі) Мақсат-міндеттер. Қимылды ойындарға баулу, балаларды қарапайым ережелерді сақтауға, қимылдарды үйлестіруге, кеңістікті бағдарлауға, ("Мяу!") белгі сөзге сәйкес әрекет етуге үйрету; қимыл түрлерін өзгерте отырып, ойындарға күрделі ережелерді енгізу. Ептілікті, жылдамдықты дамыту. Қауіпсіздікті қадағалау. "Кегльді қағып ал" қимылды жаттығуы. (физическое воспитание) Мақсат-міндеттер. 1,5–2 метр қашықтықтан допты бір қақпаға домалатуға жаттықтыру. Дәлдікке, ептілікке тәрбиелеу. Өздік ойындар. (дене тәрбиесі, қоршаған әлеммен таныстыру) Мақсат-міндеттері. Балалардың дербес қимыл белсенділігін дамыту. Серуенге шығарылған ойыншықтармен өз бетінше ойнауға ынталандыру. «Өнегелі тәрбие». Еңбек тапсырмалары: ойыншықтар мен жабдықтарды контейнерге жинау. (еңбек дағдылары, қоршаған әлеммен таныстыру) Мақсат-міндеттері. Мүмкіндіктеріне қарай тәрбиешіге көмек көрсетуді ұйымдастыру. Заттар, ойыншықтарға ұқыптылықпен қарауға тәрбиелеу. Ұйымдастыруда қауіпсіздікті сақтау ережелерін қадағалау.
Серуеннен оралу	(мәдени-гигиеналық дағдылар, қоршаған әлеммен таныстыру, тіл дамыту және көркем әдебиет) Дербестікті қалыптастыру: киіну, жуыну, тісін тазалау. Өзіне-өзі қызмет көрсетуге деген ұмтылысын қолдау: өз шкафын белгі бойынша тауып алып, белгілі реттілікпен (жүйелі) киінуді және шешінуді, шкаф сөрелеріне киімдерін орналастыруді жетілдіру; ұқыптылыққа, киіміндегі олқылықтарды байқауға, оларды ересектің көмегімен немесе өз бетінше реттеуге баулу. Тамақтанар алдында (серуеннен оралғанда) қолды жуу, таңертең және кешке тісті тазалау дағдыларын жетілдіру. Балаларды сыртқы келбетін бақылауға үйрету; сабынды дұрыс қолдануды, қолды, бетті жууды, жуынғаннан кейін құрғатып сүртуді, орамалды орнына ілуді, тарақты және қол орамалды пайдалануды үйретуды жалғастыру. «Үнемді пайдалану». Суды ағымын үнемді пайдалануға, суды төкпей, шашпай жуынуға үйрету, тазалыққа, ұқыптылыққа тәрбиелеу.				
Кешкі ас	(мәдени-гигиеналық дағдылар, қоршаған әлеммен таныстыру, тіл дамыту және көркем әдебиет) Күнделікті өмірде гигиеналық дағдыларды сақтау қажеттігін білу. Тамақтанар алдында қолды жуу, таңертең және кешке тісті тазалау дағдыларын қалыптастыру. Үстел басында мәдениетті тамақтану дағдыларын қалыптастыру: ас қасық пен шәй қасықты, майлықты дұрыс қолдану; нанды үгітпеу, тамақты ауызды жауып, шайнау, тамақпен ойнамау ауызды толтырып сөйлемеу. Әдепті болуға тәрбиелеу (ас үшін алғыс білдіру, тазалық пен тиянақтылық қажеттілігі).				
Балалардың дербес іс-әрекеті (қимылдық, ұлттық, сюжетті-рөлдік, үстел үсті-баспа және басқа ойындар),				Кітап бұрышында: өткен тақырыптар бойынша суреттерді қарау, сипаттау; ертегілерді есте жаңғырту, кейіпкерлердің сөздерін қайталау. (қазақ тілі, тіл дамыту және көркем әдебиет) Міндеттер. Суреттерді, заттарды қарастыруда, тірі және өлі табиғат нысандарын бақылау кезінде, шығармаларды тыңдағаннан, мультфильмдер, ертегілер	Кітап бұрышында: өткен тақырыптар бойынша суреттерді қарау, сипаттау; ертегілерді есте жаңғырту, кейіпкерлердің сөздерін қайталау. (қазақ тілі, тіл дамыту және көркем әдебиет) Міндеттер. Суреттерді, заттарды қарастыруда, тірі және өлі табиғат нысандарын бақылау кезінде, шығармаларды тыңдағаннан, мультфильмдер, ертегілер көргеннен кейін

бейнелеу іс-әрекеті, кітап қарау және басқалары)				көргеннен кейін балаларды алған әсерлерімен бөлісуге, өз ойын айтуға үйрету. Оқылған шығармадан ең қызықты, мәнерлі үзінділерді қайталау, балаларға сөздер мен қарапайым сөз тіркестерін қайталап айтуға мүмкіндік беру. Музыкалық аспаптармен ойындар, ән салу, музыка тыңдау, музыкалық-ырғақтық қозғалыстар. (музыка) Міндеттер. Музыкалық аспаптарда ырғақпен қағып ойнаудың қарапайым дағдыларын меңгеруге ықпал ету. Ересектердің дауысына ілесе отырып, олармен бірге ән айту, әнді бірге бастап, бірге аяқтау. Аудио-бейнежазбадан музыка тыңдату. Балалардың билейтін музыкаға сәйкес би қимылдарын өз бетінше орындауына, таныс би қимылдарын ойындарда қолдануына мүмкіндік беру. Өнер бұрышында шығармашылық іс-әрекетін ұйымдастыру. (сурет салу, мүсіндеу, жапсыру) Міндеттер. Қазақ ою-өрнектерінің қарапайым элементтерін қайталап салуға баулу. Желімдеудің техникасын жетілдіру. Бірнеше бөліктерді қосу, қысу, біріктіру мүсіндеу дағдыларын жетілдіру. Қауіпсіздік техникасы ережелерін сақтауға, ұқыпты болуға баулу.	балаларды алған әсерлерімен бөлісуге, өз ойын айтуға үйрету. Оқылған шығармадан ең қызықты, мәнерлі үзінділерді қайталау, балаларға сөздер мен қарапайым сөз тіркестерін қайталап айтуға мүмкіндік беру. Музыкалық аспаптармен ойындар, ән салу, музыка тыңдау, музыкалық-ырғақтық қозғалыстар. (музыка) Міндеттер. Музыкалық аспаптарда ырғақпен қағып ойнаудың қарапайым дағдыларын меңгеруге ықпал ету. Ересектердің дауысына ілесе отырып, олармен бірге ән айту, әнді бірге бастап, бірге аяқтау. Аудио-бейнежазбадан музыка тыңдату. Балалардың билейтін музыкаға сәйкес би қимылдарын өз бетінше орындауына, таныс би қимылдарын ойындарда қолдануына мүмкіндік беру. Өнер бұрышында шығармашылық іс-әрекетін ұйымдастыру. (сурет салу, мүсіндеу, жапсыру) Міндеттер. Қазақ ою-өрнектерінің қарапайым элементтерін қайталап салуға баулу. Желімдеудің техникасын жетілдіру. Бірнеше бөліктерді қосу, қысу, біріктіру мүсіндеу дағдыларын жетілдіру. Қауіпсіздік техникасы ережелерін сақтауға, ұқыпты болуға баулу.
Балалардың үйге қайтуы				Ата-аналарды сұраныстары бойынша әңгімелер, кеңестер.	Жаднама. "Біз балаларға ертегілер оқимыз".

Әдіскер Нурланбекова Н.Д
Тәрбиеші: Сыдыбаева Б.О

ТӘРБИЕЛЕУ-БІЛІМ БЕРУ ПРОЦЕСІНІҢ ЦИКЛОГРАММАСЫ

Мектепке дейінгі ұйым (білім беру ұйымының атауы) ТОО Korkem baby балабақшасы
Топ: ортаңғы «Балапан» топ
Балалардың жасы: 3 жастағы балалар
Қандай кезеңге жасалды (апта күндерін, айды, жылды көрсету): **30.03 - 03.04.2026 ж.**

Апта күндері	***Дүйсенбі***	***Сейсенбі***	***Сәрсенбі***	***Бейсенбі***	***Жұма***
«Асықпай жүріп, анық бас, еңбегің кетпес далаға». Абай Құнанбаев					
Балаларды қабылдау	Таңғы сүзгі: балалардың терісін, дене қызуын, сыртқы көрінісін тексеру. Балаларды жақсы көңіл күймен қарсы алу және оларға қолайлы жағдай жасау. Баланың көңіл күйін, оның жеке пікірін, қызығушылығын анықтау. (қарым-қатынас іс-әрекеті, музыка)	Таңғы сүзгі: балалардың терісін, дене қызуын, сыртқы көрінісін тексеру. Балаларды жақсы көңіл күймен қарсы алу және оларға қолайлы жағдай жасау. Баланың көңіл күйін, оның жеке пікірін, қызығушылығын анықтау. Білім тақырыбында әуенді қосып қарсы алу.	Таңғы сүзгі: балалардың терісін, дене қызуын, сыртқы көрінісін тексеру. Балаларды жақсы көңіл күймен қарсы алу және оларға қолайлы жағдай жасау. Баланың көңіл күйін, оның жеке пікірін, қызығушылығын анықтау.	Таңғы сүзгі: балалардың терісін, дене қызуын, сыртқы көрінісін тексеру. Балаларды жақсы көңіл күймен қарсы алу және оларға қолайлы жағдай жасау. Баланың көңіл күйін, оның жеке пікірін, қызығушылығын анықтау.	Таңғы сүзгі: балалардың терісін, дене қызуын, сыртқы көрінісін тексеру. Балаларды жақсы көңіл күймен қарсы алу және оларға қолайлы жағдай жасау. Баланың көңіл күйін, оның жеке пікірін, қызығушылығын анықтау.

Ата-аналармен немесе баланың басқа заңды өкілдерімен әңгімелесу, кеңес беру	Халықаралық Балалар кітабы күні: «Шын жүректен кітап сыйла», Челлендж, «Үздік мобильді кітапхана» байқауы	«Айына бір рет отбасы күнін өткізу». Халықаралық Балалар кітабы күні: «Шын жүректен кітап сыйла», Челлендж, «Үздік мобильді кітапхана» байқауы	Халықаралық Балалар кітабы күні: «Шын жүректен кітап сыйла», Челлендж, «Үздік мобильді кітапхана» байқауы	Халықаралық Балалар кітабы күні: «Шын жүректен кітап сыйла», Челлендж, «Үздік мобильді кітапхана» байқауы. «Бала - ата-ана көзімен» сауалнамалар жүргізу.	«Баланы қоршаған әлемді танып-білуге дағдыландырыңыз».
Балалардың іс-әрекеті (ойын, танымдық, коммуникативтік, шығармашылық, эксперименталдық, еңбек, қимыл, бейнелеу, дербес және басқалары)	«Өнегелі тәрбие». Еңбек тапсырмалары: «Бөлме өсімдіктерін суару». (қоршаған әлеммен таныстыру, еңбекке баулу) Бөлме өсімдіктерінің 2-3 түрін тану және атау (мысалы, фикус, аспидистра, бальзамин), өсімдік бөліктерін тану; қарапайым тапсырмаларды өздігінен (ересектің көмегімен) орындауға, өсімдіктерді (күнге жақын өсімдіктерге суды көбірек құйып, көлеңкеде өсетіндерге аздап құю, қажетіне қарай) суаруға баулу; қамқорлыққа, ұқыптылыққа тәрбиелеу. «Менің Қазақстаным» Қазақстан Республикасының Әнұранын орындау. (музыка, қоршаған әлеммен таныстыру)Мақсат-міндеттер. Музыканы эмоционалды көңіл-күймен қабылдауға баулу. Ән айту дағдыларын дамытуға ықпал ету. Қазақстан Республикасының мемлекеттік рәміздері туралы білімдерін қалыптастыру. Өзінің туған жеріне, Отанына деген сүйіспеншілік сезімін ояту. Мозаикамен ойын. (математика негіздері, құрастыру) Мақсат-міндеттер. Балаларды ірі және ұсақ элементтерді жазықтықта орналастыруға ынталандыру. Суретті (құрылысты) үлгі бойынша құрастыруға үйрету. Геометриялық пішіндерді ажырата білуді бекіту. Қолдың ұсақ моторикасын дамыту. "Ғажайып дорба" дидактикалық ойыны. (тіл дамыту және көркем әдебиет) Мақсат-міндеттер. Балалардың сөздік қорын ойындар мен ойын жаттығулары арқылы кеңейту, сөздік қорды заттардың сапасы мен қасиеттерін білдіретін, заттарды жалпы (ойыншықтар, киім, аяқ киім, ыдыс, жиһаз) сөздермен байыту. Құралдар. Дорба, түрді заттар немесе ойыншықтар.	«Өнегелі тәрбие». Еңбек тапсырмалары: «Шкаф ішін тәртіпке келтірейік». (қоршаған әлеммен таныстыру, өзіне өзі қызмет көрсету) Мақсат-міндеттері. Қарапайым тапсырмаларды өздігінен орындауға, заттарды орнына жинауға (ілмекке ілуге, сөреге салуға) баулу. Өзіне-өзі қызмет көрсетуге деген ұмтылысын қолдау: ұқыптылыққа, киіміндегі олқылықтарды ересектің көмегімен немесе өз бетінше реттеуге баулу. "Бір сөзбен ата" ойын-жаттығуы. (тіл дамыту және көркем әдебиет) Мақсат-міндеттер. Балалардың сөздік қорын ойындар мен ойын жаттығулары арқылы кеңейту, сөздік қорды заттардың сапасы мен қасиеттерін білдіретін, ерекше белгілері бойынша жалпылауыш сөздермен байыту. Құралдар. Заттардың топтамалары бойынша сурет-карточкалар немесе ойыншықтар. Баланың жауабына мысал: Доп, пирамида, қуыршақ. Бұның барлығы - ойыншықтар. Кесе, тарелка, шәйнек. Бұның барлығы - ыдыстар. «Күнге не ұқсайды?» дамытушы жаттығуы. (математика негіздері) Мақсат-міндеттер. Суреттердің пішінін күннің пішініне сәйкестендіру. Ұқсастықтар мен айырмашылықтарды табуды үйрету. Құрал-жабдықтар: заттық карточкалар. Ойын шарты. Балаларға бірнеше суреті бар мнемокарточкалар кезек-кезек көрсетіледі (барлығының түсі бірдей): шырша, қарбыз, алма, терезе, шатыр, доп, теледидар, өнтаңба (смайлик) бейнесі, текше, бауырсақ. – Балалар, көрсеткен суретім дөңгелек	«Өнегелі тәрбие». Еңбек тапсырмалары: «Ойыншықтар мен құралдар сөрелерінде тәртіп орнатайық». (қоршаған әлеммен таныстыру, еңбекке баулу) Мақсат-міндеттері. Қарапайым тапсырмаларды өздігінен орындауға, түрлі балалар әрекетіне қажетті материалдарды, құрал-жабдықтарды дайындауға, қолданып болған соң ойыншықтарды, кітаптарды, заттарды орнына жинауға баулу. Заттардың атқаратын қызметтерін, пайдалану амалдарын түсінуге көмектесу. Тәрбиешеге көмек көрсету ниеттерін қолдау; ұқыптылыққа тәрбиелеу. "Туған елдің көктемі" тақпағын мәнерлеп оқу, суретпен танысу. (тіл дамыту және көркем әдебиет, қазақ тілі) Мақсат-міндеттер. Жаңа өлеңдерді тыңдай білуге үйрету. Оқылған шығармадан мәнерлі үзінділерді қайталау. Қазақ тіліне тән дыбыстарды өздігінен дұрыс айтуға баулу. Көктем мезгіліне тән табиғат құбылыстары туралы алғашқы ұғымдарды қалыптастыру. Пейзаж суретін көрсету. Тақпақты мимиканың және қолдарының қатысуымен оқуға болады. Туды көктем! Шулы көктем Кең даланы оятты. Күн қызуын құйды көктен, Сең бұзылды, су ақты. Ш. Мәмбетов "Суретті құрастыр" жаттығуы. (құрастыру, қоршаған әлеммен таныстыру) Мақсат-міндеттері. Тұтас бейнені құрастыруда бөлшектерді орналастыру, бұрын алынған дағдылардың бірі төсеу	«Өнегелі тәрбие» Еңбек тапсырмалары: Жуыну бөлмесінде жуыну әдебін игерту: қолдарын өздігінен сабындауды, су ағымы астына қойып, уқалау қадағалау; өз орамалын тауып, сүртіп, орнына іле білуге дағдыландыру; қолының тазалығын байқауға ынталандыру, мақтау. (еңбек дағдылары) "Мен қайда қандай болдым?" жаттығуы. (тіл дамыту және көркем әдебиет, қоршаған әлеммен таныстыру) Мақсат-міндеттері. Балалардың өз іс-әрекеттерін оң бағалау және өзін-өзі бағалау тәсілдерін дамыту; алған әсерлерімен бөлісуге, өз ойын айтуға, ересектермен диалог құруға үйрету. Балалардан қайда болғанын сұрау. Қандай ойынды ойнағанын, күн тәртібінде балабақшада, үйде не істегенін сұрау; ойынды, әрекетті атауға көмектесу. Ойнағанда бала қандай болғанын сұрау. Мысалы, көңілді, қуанышты; жылдам, шапшаң, баяу; әдепті, ақылды болды. "Құрастырғышпен ойын. (құрастыру, қоршаған әлеммен таныстыру) Мақсат-міндеттер. Құрастырылатын құрылысты қарапайым сызбаларға, суреттегі үлгісіне қарап зерттеуге және құрылыс бөлшектерін бір-бірімен мықтап бекіту тәсілдерін қолданып, өз бетінше құрастыруға мүмкіндік беру, өзінің тұрғызған құрылысын талдауға баулу. Құрастырған құрылыспен сюжетті ойыншықтарды қолданып ойнату. Заттардың айырмашылықтары мен атауларын біліп, заттардың сапалары мен қасиеттерін тануды жетілдіру.	Ұлттық сезім күні «Өнегелі тәрбие». Еңбек тапсырмалары: «Ас ішуге дайындық». (қоршаған әлеммен таныстыру, өзіне-өзі құрмет көрсету) Мақсат-міндеттері. Қарапайым тапсырмаларды өздігінен орындауға, заттарды орнына жинауға баулу. Ас ішу құралдарын орнымен қолдануға (қасықтарды тарелка жанына салуға, сүлгі салғышты үстел ортасына қоюға) баулу. Өзгенің еңбегінің нәтижесіне құрметпен қарауға тәрбиелеу, көмек көрсету ниеттерін қолдау. "Ұшты-ұшты" қимылды ойыны. (дене тәрбиесі) Мақсат-міндеттер: шапшаңдыққа тәрбиелеу. Ойынға қатысушыларға бастаушының сөзін қалт жібермей бағып отыру шарт. Ұшатын құс не зат айтылса, қолдарын жоғары көтереді де, ұшпайтын зат айтылса тырп етпей отырады. Қателескен бала айып тартып тақпақ айтады не ән салады. Екі рет жаңылса айып шарты, ұлғая түседі. Бастаушы Ойынды былай жүргізеді. Ұшты - ұшты сұңқар ұшты! (қол көтереді) Ұшты - ұшты қарға ұшты! (қол көтереді) Санамақ айту жаттығуы (тіл дамыту және көркем әдебиет) Мақсат-міндеттері. Дауысты және кейбір дауыссыз дыбыстарды анық айту, дыбыстардың артикуляциясын нақтылау және бекіту, артикуляциялық аппаратты дамыту, сөйлеу қарқынын өзгерту қабілетін дамыту.

		пішінді болып, күнге ұқсайтынын байқасаңдар, барлығың бірге қол шапалақтаңдар. Сурет күнге ұқсамаса, қолдарыңды тізеге қойып отырыңдар.	дағдыларын дамыту. Қоршаған ортаны қабылдау, кеңістікті бағдарлауға үйрету. Тірі және өлі табиғат заттары мен құбылыстарына қызығушылықтарын қалыптастыру.		
Ертеңгілік жаттығу	Жалпы дамыту жаттығулары (сылдармақтармен). (дене тәрбиесі, музыка) 1. Бастапқы қалып аяқ алшақ, дене тік, қол төменде. 1.1. Балалар сылдырмақтарын жоғары көтеріп, екі қолымен сылдырлатады. 1.2. Бастапқы қалып (жаттығу 4-5 рет қайталанады). 2. Бастапқы қалып аяқ алшақ, дене тік, қол төменде. 2.1. Қолдарын оң жаққа жіберіп, сылдырмақтарды сылдырлатады. 2.2. Бастапқы қалыпқа келу. 2.3. Қолдарын сол жаққа жіберіп, сылдырмақтарды сылдырлатады. 2.4. Бастапқы қалып (жаттығу 4 рет қайталанады). 3. Бастапқы қалып жерде отырады, аяқ алшақ, сылдырмақ ұстаған қолдары екі жанында. 3.1. аяқтарын жинап, сылдырмақ ұстаған қолдарын жоғары көтеріп, сылдырлатады. 3.2. Бастапқы қалып (жаттығу 3 рет қайталанады). 4. Бастапқы қалып аяқ бірге, дене бос, қол төменде. 4.1. Сылдырмақтарын артында ұстап, бір орында тұрып секіру. 4.2. Бастапқы қалып (жаттығу 3 рет қайталанады).				
Таңғы ас	Гигиеналық дағдылар (мәдени-гигиеналық дағдылар, қоршаған әлеммен таныстыру, тіл дамыту және көркем әдебиет) Мәдени-гигиеналық дағдыларды жетілдіру, тамақтану, жуыну кезінде қарапайым мінез-құлық дағдыларын қалыптастыру. Балаларды сыртқы келбетін бақылауға үйрету; сабынды дұрыс қолдануды, қолды, бетті, құлақты тазалап жууды, жуынғаннан кейін құрғатып сүртуді, орамалды орнына ілуді, тарақты және қол орамалды пайдалануды үйрету. Қанеки, жеңді түрейік, Қолды жуып, күлейік. Құрғақтап сүртіп қолды, Орамалды орнына ілейік. Тамақтану мәдениетін қалыптастыру: қасықты дұрыс ұстау, сорпаны төкпеу, нанды үгітпеу, майлықты дұрыс қолдану, тамақ ішкенде сөйлемеу. Мақсат-міндеттері. Өзін-өзі күту, тамақтану, мәдениетті қарым-қатынас негіздерін дамыту. "Дана ботқаны жемейді". Дана ботқаны жемейді, «Тауыса алмаймын», - дейді. Дана, басқалардан қалма, Анаңның мазасын алма. Қане, қасықты ұстайық, Дәмді асты тауысайық. Д. Ахметова Тәрбиеші балалардың үстел үстінде дұрыс отыруларын қадағалайды. (мәдени-гигиеналық дағдылар)				
Ұйымдастырылған іс-әрекетті өткізуге дайындық	«Менің Қазақстаным» - Қазақстан Республикасының әнұранын орындау. "Күй күмбірі": "Ел жаңа" - Төлеген Момбеков (орындаған Біләл Ысқақов) https://kitap.kz/music/2/bil-l-ysqaqtyng-oryndauyndagy-kuyler «Өнегелі»: «Біреуді тыңдауды қалай үйренуге болады?» Мақсаты: балалардың оқылған шығарманы, тәрбиешінің айтқанын белсенді тыңдау қабілеттерін дамыту; ертегіне оқып беру, әңгімені айтып беру.				
	«Мақтау сөздер айту» ойыны. (қоршаған әлеммен таныстыру, тіл дамыту және көркем әдебиет) Мақсат-міндеттер. Әлеуметтік және эмоционалды зиятты тәрбиелеу: балалардың назарын адамның жеке	«Құпия заттар» ойыны. (қоршаған әлеммен таныстыру) Мақсат-міндеттер. Қарым-қатынас дағдыларын дамыту, құрдастарымен тіл табысуды үйрету. Құрал-жабдықтар: бірнеше қобдиша,	«Әдептілік» тақырыбына әңгімелесу. (қоршаған әлеммен таныстыру, тіл дамыту және көркем әдебиет) Мақсат-міндеттер. Балаларға «жақсы», «жаман» сөздерінің мағынасы, оларды орынды қолдануды	"Бір сөзбен ата" ойын-жаттығуы. (тіл дамыту және көркем әдебиет) Мақсат-міндеттер. Балалардың сөздік қорын ойындар мен ойын жаттығулары арқылы кеңейту, сөздік қорды заттардың сапасы мен қасиеттерін	«Менің достарым». «Досыңды тауып ал» ойыны. (қоршаған әлеммен таныстыру) Мақсат-міндеттер. Әлеуметтік және эмоционалды зиятты тәрбиелеу: балалардың назарын адамның жеке

	қасиеттеріне (мейірімді, жанашыр, қамқор, сезімтал және іскер, еңбекқор, ұқыпты) аудару, жақсы және жаман әрекеттерді дұрыс бағалау тәжірибесін қалыптастыру. Ересектердің сөзін тыңдау және түсіну, сөйлеу әдебінің тиісті формаларын дұрыс қолдану, ересектермен диалог құруға үйрету. Достық қарым-қатынасқа, әр адамның жақсы қасиетін көре білуге тәрбиелеу. Ойын шарты. Балалар шеңбер құрып отырады. Бір бала шеңбердің ортасына отырады. Балалар оның мінез-құлқындағы жақсы қасиеттерін, қабілетін, жақсы істерін айтып мақтайды.	түйме, моншақ, сағат. Ойын шарты. Жүргізуші барлық қатысушыларға әдемі қобдишадан (түйме, моншақ, сағат) «құпия заттарды» таратады. Оны алақандарының арасына салып, ешкімге көрсетпеуін сұрайды. Құпия затты таратып болғаннан кейін, барлық ойыншылар бөлмені аралап жүреді, олар қобдишадағы заттарға қызығушылық танытып, бір-бірінің құпия затын көрсетуге көндірудің жолын табуға тырысады. Тәрбиеші балалардың әрекетін бақылайды, ұялшақ балалардың басқалармен жақсы тіл табысуына көмектеседі.	үйрету. Бала бойына мейірімділік, қайырымдылық, адамгершілік және де басқа жақсы әдеттердің орнығуына барынша мүмкіндік жасау. Ойын шарты. Үтелдің үстінде бірнеше суреттер жатыр. Балалар сол суреттегі іс-әрекетті атап, оның «жақсы» немесе «жаман» екенін ажыратып айтады.	білдіретін, ерекше белгілері бойынша жалпылауыш сөздермен байыту. Құралдар. Заттардың топтамалары бойынша сурет-карточкалар немесе ойыншықтар. Баланың жауабына мысал: Доп, пирамида, қуыршақ. Бұның барлығы - ойыншықтар. Кесе, тарелка, шәйнек. Бұның барлығы - ыдыстар.	қасиеттеріне (мейірімді, жанашыр, қамқор, сезімтал және іскер, еңбекқор, ұқыпты) аудару, жақсы және жаман әрекеттерді дұрыс бағалау тәжірибесін қалыптастыру. Зейін, еске сақтау, ойлау, сөйлеу қабілеттерін дамыту, достыққа тәрбиелеу, Ойын шарты. Педагог балаларды екі топқа бөледі, бір топтағы балалардың көздерін орамалмен байлап қояды, оларға бөлменің ішінде жүруді ұсынады. Бұл балаларға көздері байланбаған құрдастарын тануы қажет екендігі айтылады.
Кестеге сәйкес ҰІӘ	Дене тәрбиесі "Аттап секіреміз". Мақсат-міндеттер. Балаларда жіптен бір жанымен аттап секіру және қиғаш тақтайдың үстімен төрт тағандап, тізе мен саусаққа сүйеніп жаттығулар жасау техникаларын бекіту. Қимылдарды белсенді орындауды дамыту және қимылдарды үйлестіруге баулу. Негізгі қимыл түрлері: жүру, жүгіру, секіру, еңбектеуді орындаудың қарапайым дағдыларын жетілдіру. Дене сапаларын: ептілік пен шапшаңдықты дамыту. Құрдастарымен қимылды ойындарды бірге ойнауға, қарапайым ережелерді сақтауға баулу. **Музыка** "Киелі домбыра". Мақсат-міндеттер. Музыканың сипатын түсінуге үйрету. Музыкалық ойыншықтар мен балалар музыка аспаптарының (асатаяқ, тұяқ, сырнай) дыбысталуын ажырата, атай білуді жетілдіру. Әртүрлі аспапта орындалған әндерді тыңдауға, оларды есте сақтауға және білуге үйрету. Бірге ән айту, әнді бірге бастап, бірге аяқтау қабілетін дамыту		Дене тәрбиесі "Ғарыш деген ғажайып". Мақсат-міндеттер. Балаларда екі аяқпен тура секіру дағдыларын қалыптастыру; тізені биікке көтере отырып жүру дағдыларын дамыту; қимылды ойын арқылы допты екі қолмен домалату дағдыларын жетілдіру. Қимылдарды белсенді орындауды дамыту және қимылдарды үйлестіруге баулу. Негізгі қимыл түрлері: жүру, жүгіру, секіру, лақтыруды орындаудың қарапайым дағдыларын жетілдіру. Дене сапаларын: ептілік пен шапшаңдықты дамыту.	Қазақ тілі «Ғарышкер деген кім?» Мақсат-міндеттер. Қазақ тілінде ғарыш, жұлдыздар, ғарышкерлер, Күн жүйесі планеталарының атаулары туралы алғашқы білімдерін қалыптастыру, балалардың ғарышкер мамандығы туралы білімдерін кеңейту; Қазақстанның алғашқы ғарышкері - Тоқтар Оңғарбайұлы Әубәкіров туралы мәлімет беру.	Дене тәрбиесі "Ғажайып ғарыш". Мақсат-міндеттер. Балалардың сап түзеп бірінің артынан бірі шеңбер бойымен арақашықтық сақтап, бағытты өзгертіп жүгіру қабілетін қалыптастыру; жіптен екі аяқпен секіруге үйрету. Қимылдарды белсенді орындауды дамыту және қимылдарды үйлестіруге баулу. Негізгі қимыл түрлері: жүру, жүгіру, секіруді орындаудың қарапайым дағдыларын жетілдіру. Дене сапаларын: шапшаңдықты дамыту. Құрдастарымен қимылды ойындарды бірге ойнауға, қарапайым ережелерді сақтауға баулу.
2-ші таңғы ас	Тағамның атауын есте сақтауға, тазалыққа бейімдеу. "Тәбетіміз ашылды, ас болсын!" (мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)				
Серуенге дайындық	(мәдени-гигиеналық дағдылар, қоршаған әлеммен таныстыру, дербес әрекет) Өзіне-өзі қызмет көрсетуге деген ұмтылысын қолдау: өз шкафын белгі бойынша тауып алуға, белгілі реттілікпен (жүйелі) киінуге және шешінуге үйрету; аяқ киімдер жұптарын дұрыс киюді үйрету; ересектің көмегіне жүгінуге, ересектің көмегімен немесе өз бетінше реттеуге баулу; ұқыптылыққа тәрбиелеу. Күн тәртібіне сәйкес балалардың күнделікті таза ауада болуын қамтамасыз ету. Ауа-райының жағдайын анықтау (суық, жылы). «Қауіпсіздік». Қауіпсіз мінез-құлық ережелерін сақтау туралы ескертулер: топта (терезенің алдына шықпау, розеткаларды ұстамау, баспалдақпен көтерілгенде және түскенде таяныштан ұстау), серуенде (отпен ойнамау, жолға шықпау), ұсақ заттармен ойындарда қауіпсіз әрекет ету дағдыларын қалыптастыру (оларды ауызға алмау, ұсақ заттарды құлаққа, мұрынға тықпау). Балалардың жалпы қабылданған ережелер мен нормаларды меңгеруіне ықпал ету. Балабақшада, үйде, көшеде тәртіп сақтауға баулу.				

